AIQYN

www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

СЕЙСЕНБІ №130 (4815)
17.11.2026

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

АҚОРДА



ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ – АЛДАҒЫ МАҚСАТ

Президент Ұлттық қауіпсіздік комитетінің басшылығымен жиын өткізді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жаңа төрағасы Марат Ирменовті таныстырып, оған бірқатар міндет жүктеді.

Президент ұлттық қауіпсіздік органдары жүйесін реформалау, ведомство алдына қойылған мақсаттарға жетудің жаңа тәсілдерін әзірлеу және қызмет тиімділігін арттыру қажеттігіне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Заң мен Тәртіп» қағидатының орындалуына, мемлекеттің экономика саласындағы ұлттық мүддесін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа және басқа да заңбұзушылықтарға қарсы іс-қимылға баса назар аудару керек екенін атап өтті.

Сонымен қатар Президент кадрларды іріктеу тәртібін жетілдіру, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа төнетін қауіптің алдын алу, басымдыққа ие мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру барысында жемқорлық тәуекелдерін болдырмау жөніндегі профилактикалық шараларды күшейту туралы тапсырма берді.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ ЖАЙЫНДА БАЯНДАДЫ



Мемлекет басшысы Энергетика министрі Ерлан Ақкенженовті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа отын-энергетика кешенін дамытудың биылғы он айдағы негізгі нәтижелері, жылыту маусымы және алдағы кезеңге арналған жоспарлар туралы есеп берілді.

Президентке жылыту маусымы еліміздің барлық аймағында қалыпты өтіп жатқаны баяндалды. Электр станцияларын жөндеуге арналған қаржы 384 миллиард теңгеге дейін ұлғайтылды. Негізгі жабдық пен желілер жөнделді, жылу электр орталықтарының тозу деңгейі төмендеді, сондай-ақ қатерлі «қызыл аймақтағы» станциялардың саны беске дейін қысқарды. Электр энергиясын өндіру 10 айда 2,3 пайызға артып, 102,4 миллиард кВт/сағатқа жетті.

Ерлан Ақкенженов Мемлекет басшысына мұнай өңдеу көлемі 4,7 пайызға өскенін және жанар-жағармайдың жалпы қоры 1,2 миллион тоннаға дейін көбейгенін айтты. Отандық битум өндірісі (1,1 миллион тонна) елдің ішкі сұранысын толықтай өтеді. Шымкент мұнай өңдеу зауытының қуатын жылына 12 миллион тоннаға дейін кеңейту және Атырау облысында жаңа мұнай химиясы кешенін салу жобалары қолға алынды.

Жыл соңына дейін халықты газбен қамтамасыз ету деңгейі 64,5 пайызға жетеді. Нәтижесінде 13,2 миллион азамат көгілдір отынның игілігін көрмек. Қашағанда және Жаңаөзенде жаңа газ өңдеу зауыттарының құрылысы жүріп жатыр. Қарашығанақтағы және Қашағандағы екінші газ өңдеу зауыттарының жобасы бойынша EPC-келісімшарттар жасалды.

Мемлекет басшысының Жолдауда айқындаған міндеттерін орындау мақсатында министрлік энергияны көп тұтынатын деректерді өңдеу орталықтары мен жасанды интеллект қажеттіліктерін ескере отырып, еліміздің 2035 жылға дейінгі бірыңғай энергетикалық теңгерімін қайта қарауға кірісті. Ал геологиялық барлауды жандандыру үшін 112 кен учаскесі электронды аукционға шығарылды. Бұл – рекордтық көрсеткіш.

Сонымен қатар Президентке отын-энергетика кешені нысандарының цифрлық телнұсқаларын және 1,2 миллион тұтынушыға көмір жеткізу барысына мониторинг жасайтын бірыңғай платформаны енгізу жөнінде мәлімет берілді.

Кездесу соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халықты энергиямен және жылумен толық қамтамасыз ету, жанар-жағармай мен көмір нарықтарының тұрақтылығын қатаң бақылауда ұстау, сондай-ақ инвестициялық жобаларды сапалы жүзеге асыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

МЕЖЕСІ ҚАЙТА ӨЗГЕРГЕН МОБИЛЬДІ АУДАРЫМ

Туысыңыз картаңызға ақша жіберді, танысыңыз қарызын қайтарды делік. Бұл аударымдар жеке шотқа түскені үшін ғана кәсіптен түскен табыс болып саналмайды. Ал клиент тауардың не қызметтің ақысын сол картаға аударса, ол кәсіптің табысы болып есептеледі. 10 қарашадан бастап мобильді аударымдарды бақылаудың ақшалай шегі 1 млн 557 мың теңгеге көтерілді. Жаңа меже банк жеке шоттағы түсім туралы мәліметті салық органына қандай жағдайда беретінін айқындайтын болады.

Мемлекеттік кірістер комитеті өкілінің сөзінше, 2026 жылғы 10 қарашадан бастап мобильді аударымдарды бақылауда қолданылатын ақшалай меже 1 млн 557 мың теңгеге жетті. Бұған дейін ол 1 млн 20 мың теңге еді. Үш айдағы түсімге қойылатын шек осылайша 537 мың теңгеге, яғни 52,6 пайызға өсті. Жаңа меже айлық есептік көрсеткішпен есептелмек.

Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Жеке тұлғалардың кірістерін әкімшілендіру басқармасының басшысы Дина Құсайынованың айтуынша, банк жеке шотқа қанша ақша түскенін де, оны қанша адам жібергенін де есепке алады. Жіберушілер саны қатарынан үш күнтізбелік айдың әрқайсысы бойынша жеке саналады. Ал ақша көлемін анықтағанда осы үш айдағы түсім қосылады.



(Жалғасы 4-бетте)

САЯСИ НАУҚАНҒА ДАЙЫНДЫҚ ЖӨНІНДЕ ЕСЕП БЕРДІ

Мемлекет басшысы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровті қабылдады.



Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2026 жылы 29 қарашада өтетін барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауына дайындық барысы бойынша сайлау органдарының атқарып жатқан жұмысы жөнінде ақпарат берілді.

Президент сайлауды «Заң және тәртіп» конституциялық қағидаты негізінде өткізу, кандидаттар мен саяси партиялардың барлығына тең жағдай жасау маңызды екенін атап өтті. Мемлекет басшысы алдағы уақытта депутаттық корпустың жаңаруы жергілікті өкілді органдардың қызметін едәуір күшейтетініне баса назар аударды.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ЫМЫРАСЫЗ БОЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ермек Сағымбаевты басқа жұмысқа ауысуына байланысты Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы лауазымынан босату жөнінде шешім қабылдаған. Бұл туралы Президенттің кеңесшісі-баспасөз хатшысы Айбек Смадияров Telegram-да жазды.

«Президент аталған арнайы қызметті реформалау міндетін табысты орындау мақсатында басшылық кадрлардың орнын ауыстыру қажеттігін ескере отырып, осындай шешімге келді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ермек Сағымбаевты қызметтен босату туралы шешім қабылдағанда жемқорлық оқиғасына қатысы бар лауазымды тұлғаларды ұстау жағдайын да ескерді. Президенттің пікірінше, күштік құрылым қызметкерлері қателіктер жіберген. Осыған байланысты Ішкі істер министрі Ержан Сәденовке қызметтік ескерту жарияланды.

Жалпы, «Самұрық-Қазына» қоры мен «Қазақстан темір жолы» компаниясы басшыларының ісіндегі коррупциялық сипат еш күмән тудырмайды. Оны тергеу шаралары кезіндегі фигуранттардың әрекеттері растады.


Президент жүргізіліп жатқан тергеу амалдарынан әуел бастан хабардар болды. Мемлекет басшысының жемқорлыққа қарсы күреске қатысты берік ұстанымы өзгермейді Сондай-ақ бүгін Мемлекет басшысы Ішкі істер министрлігінің басшылық құрамымен жиын өткізді.

Президент қызметтік тәртіпті нығайтуды, «Заң мен Тәртіп» қағидатына сай қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты міндеттерді атқару барысында полицияның кәсіби даярлық деңгейін көтеруді тапсырды.

Министр Ержан Сәденовке полицияның қатардағы қызметкерлері мен офицерлік құрамы арасында тәрбие жұмыстарын күшейту керек екені айтылды», – деп жазды Айбек Смадияров.

БАСПАСӨЗ-2027

AIQYN республикалық қоғамдық-саяси газетіне 2027 жылға жазылу басталды



Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
			Қала	Ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15102 – AIQYN	6 ай 12 ай	18 204,60 36 409,20	13 643,46 27 286,92
			Қала	Ауыл
Жеке жазылушылар үшін	65102 – AIQYN	6 ай 12 ай	9 741,30 19 482,60	9 393,42 18 786,84

KAZPOST

Анықтама телефондары:
«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21

ҚҰРЫЛТАЙ

17 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ

БІРІНШІ ҮКІМЕТ САҒАТЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛДЫ



Құрылтай Төрағасының орынбасары Динара Зәкиеваның төрағалығымен өткен Үкімет сағатында «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын іске асыру барысы талқыланды. Депутаттар алдында тақырып бойынша Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова негізгі баяндаманы жасады.

Жиында Құрылтай Төрағасының орынбасары Динара Зәкиева бүгінде Қазақстанда 7 миллионға жуық бала бар екенін, бұл ел халқының үштен бірін құрайтынын айтты. Ол балалардың құқығын қорғау, олардың әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін атап өтті. Мемлекет басшысы балаларды қолдау жүйесін жетілдіруге бағытталған ауқымды реформаларға бастамашы болып, бұл мәселеге ерекше назар аударып келеді.

– Мемлекет басшысының тапсырмасымен биылғы жылдың басында қабылданған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы балалар құқығын қорғау саласындағы маңызды қадамдардың бірі болды. Бағдарлама әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, білім беру және қауіпсіздік салаларында балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мен қорғаудың қолданыстағы тетіктерін біріктіреді. Тұжырымдама жоспарында баланың бірыңғай цифрлық маршрутын енгізуден бастап, қиын өмірлік жағдайға тап болған, жетім, сонымен қатар ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған 111 ұйымның 44-іне күрделі жөндеу жүргізуге дейінгі шаралар қарастырылған, – деді Динара Зәкиева.

Сонымен қатар Құрылтай Төрағасы орынбасарының айтуынша, «Қазақстан балалары» тұжырымдамасының міндеттерін іске асыру мақсатында депутаттар үш заң жобасын әзірледі. Соның бірі – «Балалардың цифрлық және ақпараттық қауіпсіздігі туралы» жаңа заң жобасы. Айта кетейік, бұл – заңнамалық тұрғыда ойлау қабілетіне ие жасанды интеллект кіріктірілген AI-Quryltai цифрлық интеллектуалды ортада әзірленген алғашқы заң жобасы. Аталған жүйе балалардың цифрлық және ақпараттық ортадағы қауіпсіздігіне қатысты қазіргі жағдайды терең талдауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде жаңа қауіп-қатерлер мен технологиялардың дамуын ескере отырып, кешенді шаралар ұсынылған. Бұл ретте AI-Quryltai-дың көмегімен әзірленген барлық ұсыныста депутаттар, шақырылған ақпараттық және цифрлық қауіпсіздік саласының сарапшылары мен заңгерлер тексеріп, қосымша пысықтаған.

Жаңа шаралардың қатарында онлайн ойындарды қоса алғанда, цифрлық және ақпараттық өнімдердің ықтимал қатерлерін көрсете отырып, оларды міндетті түрде таңбалауды енгізу, мұндай өнімдерді уәкілетті мемлекеттік органның верификациялауынан өткізу, балаларға қауіп төндіретін контентті мониторингтеу және бұғаттау, сондай-ақ белгіленген талаптарды бұзғаны үшін платформалар иелерінің жауапкершілігін белгілеу бар. Сондай-ақ кәмелетке толмағандардың маркетплейстерде тауар сатып алуын реттеу, барлық цифрлық платформада «ата-ана бақылауы» функциясы мен баланың жеке басын сәйкестендіру және оның цифрлық ортадағы өзара әрекеттесу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін фотосуреті бар балалардың ID-картасын енгізу көзделген. Барлығы 120-дан астам түзету әзірленіп отыр.

Қазіргі уақытта заң жобасы тиісті қорытынды алу үшін Үкіметке жолдануда. Оны пысықтау жұмысы Құрылтайдағы жұмыс тобы шеңберінде жалғасады.

«Қазақстан балалары» тұжырымдамасының 2026-2030 жылдарға арналған іс-шараларын жүзеге асыру барысы мен алдағы міндеттер туралы Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова баяндады. Ол Тұжырымдаманы іске асыру қорытындысы бойынша балалардың әл-ауқат индексін 68 балға дейін арттыру, мамандардың 100 % салалық білім иесі болуын қамтамасыз ету және балалардың құқықтық қорғалу деңгейін 97%-ға дейін жеткізу жоспарланып отырғанын атап өтті. Баяндамада білім беру сапасын арттыруға және балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік жүйені дамытуға ерекше назар аударылды.

– Мемлекет басшысының 2026 жылғы 12 мамырдағы Жарлығына сәйкес, қала мен ауыл арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты азайту үшін жасанды интеллект орта білім беру жүйесіне кезең-кезеңімен енгізілуде. Бірінші кезеңде 500 пилоттық мектеп қамтылды, 2028 жылға қарай барлық 2,6 мың шағын жинақты мектепті қосу жоспарланып отыр. Сондай-ақ Президенттің тапсырмасы бойынша еліміздің 20 өңірінде Балалардың құқықтарын қорғау басқармалары құрылды, онда 200-ге жуық маман жұмыс істейді. Сонымен қатар әр 5 мың балаға кемінде бір маманды қарастыратын норматив енгізілді, бұл институционалдық мүмкіндіктерді нығайтуға мүмкіндік берді, – деді Оқу-ағарту министрі.

Қосымша баяндама жасаған Құрылтайдың Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын іске асыру барысында ерекше назар аударуды қажет ететін бірқатар мәселеге тоқталды. Атап айтқанда, ол іс-шаралардың формалды түрде орындалу қаупіне, ведомствоаралық үйлестірудің жеткіліксіздігіне, сондай-ақ нақты нәтижелер үшін мемлекеттік органдардың жауапкершілігін күшейту қажеттігіне назар аударды. Депутаттың айтуынша, атқарылған іс-шаралардың санын ғана емес, нақты өзгерістерді де бағалау маңызды. Яғни балалардың көмекті қаншалықты уақытылы алатынын, оңалту мерзімдерінің қысқаруын және олардың қауіпсіздік деңгейінің артуын ескеру қажет.

Бұған қоса, комитет төрағасы өзекті мәселелер қатарында балаларды тұрмыстық қауіп-қатерлерден, буллингтен және цифрлық ортадағы тәуекелдерден қорғау шараларының жеткіліксіздігін, ерте диагностика мен оңалту мәселелерін, сондай-ақ ауылдық жерлерде үйірмелер мен секциялардың қолжетімділігін атап өтті. Сонымен қатар ол өңірлік іс-шараларды қаржыландырудың атаулылығын арттыру және бағдарламалық құжаттың тиімділік көрсеткіштерін жетілдіру қажеттігіне ерекше тоқталды.

Талқылау барысында Құрылтай депутаттары «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын іске асыруға қатысты бірқатар мәселені көтерді. Олардың қатарында балалардың әл-ауқаты индексін бағалау критерийлерін жетілдіру, балалардың қауіпсіздігін арттыру үшін цифрлық биометриялық тетіктерді енгізу, инклюзивті білім беруді дамыту, ана мен бала денсаулығын қорғауға арналған медициналық инфрақұрылымды жаңғырту, сондай-ақ балалар еңбегін заңсыз пайдалану жағдайларын анықтау және олардың алдын алу мәселелері бар. «Баланың цифрлық маршруты» платформасын мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялауға және оның проактивті жұмысын қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды.

«Әділет», «Ауыл», ЖСДП және Respublica партиялық фракцияларының өкілдері де өз пікірлерін білдірді. Депутаттар тарапынан түскен барлық сұрақ пен ұсыныс жинақталып, ұсынымдар түрінде Үкіметке жолданады.

Бұл ретте, ұсынымдардың жеке бір бөлігі Оқу-ағарту министрлігіне бағытталған. Басым міндеттердің қатарында балаларға арналған инфрақұрылымды жаңғырту мәселесіне назар аударылды. Атап айтқанда, мәдениет үйлері мен ауылдық клубтар базасында балаларға арналған үйірмелерді жаңғырту және ашу жоспарларын әзірлеу, балалардың бос уақытын өткізу мүмкіндіктерін кеңейту, техникалық шығармашылық, робототехника және цифрлық дағдылар бойынша заманауи үйірмелерді дамыту, сондай-ақ жетім балаларға арналған ұйымдар мен арнаулы білім беру ұйымдарын жөндеу және жаңарту көзделген.

Үкімет сағатының қорытындысы бойынша БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өтті. Журналистердің сұрақтарына Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Денсаулық сақтау вице-министрі Манас Рамазанов, Құрылтай депутаты Ләззат Жылқыбаева мен Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитеті Ювеналды полиция басқармасының бастығы Асхат Дүйсембеков жауап берді.

ДЕПУТАТТАР ӨҢІРЛЕРДЕ ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ

Құрылтайдағы барлық фракцияның депутаттары екі апта бойы еліміздің барлық өңірінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауын түсіндіруге арналған 155 кездесу өткізді. Бұл жиындарға 18 мыңға жуық адам қатысты. Жүздесу халықтың түрлі әлеуметтік топтары өкілдерін қамтыды: өнеркәсіптік кәсіпорындардың еңбек ұжымдары мен аграрлық сектор өкілдерінен бастап, педагогтер, медицина қызметкерлері, кәсіпкерлер, ғалымдар, студенттер және қоғам қайраткерлеріне дейін қатысты. Талқылаулардың негізгі өзегіне экономиканы дамыту, әлеуметтік жаңғырту, ауқымды құрылыс және еліміздің технологиялық жаңаруы бағытындағы нақты міндеттер арқау болды.

Көптеген өңірде Жолдауды талқылау адамдардың күнделікті өміріне тікелей қатысты мәселелерден басталды. Әсіресе басты назар Мемлекет басшысының «Халықтық құрылыс» бастамасына аударылды. Депутаттар бағдарламаның ауқымын түсіндіріп, тек жаңа нысандар салынумен шектелмейтінін, өңірлердің қажеттіліктерін ескере отырып, инфрақұрылымды кешенді түрде жаңартуды көздейтінін жеткізді. Мектептерді, ауруханаларды, спорт және мәдениет нысандарын салу мен жаңғырту, жолдар мен коммуналдық желілерді дамыту халықтың өмір сүру сапасын арттырып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға да мүмкіндік береді. Кездесулер барысында мемлекеттік жобалардың тұрғындардың нақты сұраныстарына сай болуы және нақты нәтиже беруі қажеттігіне ерекше назар аударылды.

Инфрақұрылым мәселелерінен кейін әңгіме ауаны экономикалық және технологиялық өзгерістерге ұласты. Кәсіпкерлермен, IT-қоғамдастық өкілдерімен және еңбек ұжымдарымен өткен кездесулерде инвестиция тарту, отандық өндірісті қолдау, шағын және орта бизнесті дамыту, еңбек өнімділігін арттыру мен әкімшілік кедергілерді азайту мәселелері қозғалды. Өнеркәсіп кәсіпорындарында өндірістік қуаттарды жаңғырту, салалардың даму перспективалары және өндірістердің тұрақты жұмыс істеуіне қажетті жағдайлар жайы да талқыланды. Депутаттар цифрландыру мен жасанды интеллект мәселелеріне де айрықша назар аударды. Олар дербес мақсат ретінде емес, экономиканы дамытуға, тиімділікті арттыруға және азаматтардың мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ететін маңызды ресурс ретінде қарастырылды.





Кездесулердің едәуір бөлігі адами капиталды дамыту мәселелеріне арналды. Педагогтер, студенттер, ғалымдар және медицина қызметкерлерімен білім сапасы, ғылымды дамыту, сұранысқа ие мамандар даярлау, еңбек жағдайлары мен әлеуметтік кепілдіктер тақырыбы талқыланды. Әсіресе білім беру жүйесін еңбек нарығының қажеттіліктерімен ұштастыру, мамандардың кәсіби өсуіне қолдау көрсету және жастардың әлеуетін жүзеге асыруына жағдай жасау қажеттігі атап өтілді. Денсаулық сақтау саласында медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасы, сонымен қатар кадрлық қамтамасыз ету және медицина қызметкерлерінің кәсіби құқықтарын қорғау мәселелері де көтерілді.

Аграрлық сектор өкілдерімен кездесулер де өзіндік ерекшеліктерге толы болды. Мұнда ауыл шаруашылығының тұрақтылығы, фермерлерді қолдау, өндірісті жаңарту, өнім өңдеу саласын дамыту және су ресурстарын ұтымды пайдалану мәселелері негізгі тақырыпқа айналды. Ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру, жаңғыртудың игілігін шаруашылықтар мен ауыл тұрғындарына нақты сезіндіру жолдарын талқылады.

Энергетика саласында генерациялау қуаттарын арттыру, электр энергиясын жинақтау жүйелерін енгізу және тұтас экономиканың дамуына негіз болатын энергиямен қуатты қамтамасыз ету мәселелеріне басымдық берілді.

Жолдауды түсіндіру жұмыстары экономикалық және әлеуметтік мәселелермен ғана шектелген жоқ. Жастармен, қоғам өкілдерімен, ғылыми орта, мәдениет және спорт саласының өкілдерімен кездесулерде азаматтық жауапкершілік, қоғамдық келісім, ұлттық құндылықтар, шығармашылық бастамаларды қолдау және бұқаралық спортты дамыту мәселелері де сөз болды. Осылайша, талқылаулар нақты мемлекеттік жобалармен қатар оларды жүзеге асыруға қажетті қоғамдық бағдарларды да қамтыды.

Өңірлерге сапарлардың маңызды бөлігі ел болашағына қатысты ашық пікір алмасуға арналды. Кездесуге қатысушылар депутаттар мен орталық мемлекеттік органдардың өкілдеріне тікелей сұрақ қойып, өздерін толғандырған мәселелерді көтеріп, оларды шешу жөнінде ұсыныстарын білдіруге мүмкіндік алды. Әртүрлі кәсіби қауымдастық пен өңір тұрғындарымен ашық әңгіме өрбіді.

Халықпен кездесулер көрсеткендей, Жолдауда белгіленген басымдықтар алда болатын өзгерістер тұрғындарға тікелей пайдасы тиетіндіктен, азаматтар арасында кеңінен қолдау тауып отыр. Олар – кәсіпорын жұмысшылары, медицина қызметкерлері, педагогтер, аграрлық сала өкілдері мен жастар. Кездесуге қатысушылар Жолдау бастамаларын қолдап қана қоймай, оларды жүзеге асыруға тікелей әсер ететін практикалық мәселелерді де көтерді. Мұндай мазмұнды диалогтар жалпыұлттық міндеттерді нақты өңірлер мен кәсіби қауымдастықтардың сұраныстарымен ұштастыруға мүмкіндік берді.

Депутаттардың өңірлердегі жұмысы Президент бастамаларын түсіндіруді жергілікті тұрғындармен диалог және пікір алмасумен жалғасын тапты. Мұндай өзара байланыс заң шығару қызметі үшін де, жоспарланған реформалардың іске асырылуын бақылау үшін де маңызды. Бұл атап айтқанда, Жолдауда белгіленген басымдықтардың азаматтардың нақты қажеттіліктеріне жауап беретін шешімдер арқылы жүзеге асуына ықпал ететін маңызды тетік.

17 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ

ӘDILET

«ВАНДАЛИЗМГЕ ЖОЛ ЖОҚ»: 100-ге ЖУЫҚ ТАРИХИ НЫСАН РЕТКЕ КЕЛТІРІЛДІ



«Әділет» партиясының жастар қанаты еліміз бойынша «Вандализмге жол жоқ!» ауқымды акциясын жалғастырып келеді. Тарихи мұраны қорғауға, қоғамдық тәртіпті нығайтуға және вандализмнің алдын алуға бағытталған бастамаға осы уақытқа дейін 6 мыңнан астам белсенді жас қатысты. Акция еліміздің 17 облысы мен республикалық маңызы бар 3 қаласын қамтыды.

Мемлекет басшысының вандализм мен қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейту жөніндегі тапсырмасы аясында қолға алынған бұл бастама «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасының мақсаттарымен де үндеседі. «Әділет» жастары бұл жұмысты бірреттік шарамен шектемей, тұрақты түрде жүргізіп келеді. Бүгінге дейін 100-ге жуық тарихи-мәдени нысан мен қоғамдық орынды ретке келтірді.

Бұл жолғы акцияға 2 мыңнан астам жас, қоғам белсенділері, пікір көшбастшылары мен экобелсенділер қатысты. Олар ескерткіштердегі граффити жазуларын арнайы құралдармен өшіріп, қоғамдық орындар мен табиғи аумақтарды қоқыстан тазартты.

Өскемен маңындағы орманды алқапта орналасқан жартас та назардан тыс қалмады. Белсенділер оның бетіндегі жазуларды арнайы тазартқыш құралдармен өшірді. Акцияға тұрақты қатысып жүрген экобелсенді Танир Ясса мұндай бастамалардың ұрпақ тәрбиесі үшін маңызды екенін айтты.

«Табиғи нысанды бүлдіру оңай, ал оны қалпына келтіру көп уақыт пен күш-жігерді қажет етеді. Сондықтан бұл акцияның басты нәтижесі – тазартылған нысандардың саны ғана емес, жастардың бойында табиғатқа деген жауапкершіліктің қалыптасуы. Табиғатты қорғау бірреттік сенбілікпен шектелмей, күнделікті әдетке айналуға тиіс. Өйткені табиғи және тарихи мұраны келер ұрпаққа аман жеткізу – баршамызға ортақ міндет», – деді Танир Ясса.

Қостанай облысында жастар Ахмет Байтұрсынұлының ескерткішін, Орталық саябақтағы нысандарды және Тың игерушілерге арналған ескерткішті вандализм іздерінен тазартты. «Жастар Рухы» жастар қанаты Қостанай облыстық филиалының төрағасы Аружан Сәрсенбаева қоғамдық мүлікті қорғауда тұрғындардың белсенділігі ерекше маңызды екенін атап өтті.

«Тарихи ескерткіштер мен қоғамдық орындарды күтіп ұстау тек жауапты мекемелердің міндеті емес. Вандализмге жол бермеу үшін тұрғындардың да бейжай қарамауы маңызды. Мұндай әрекеттерге қоғам болып төзбеушілік танытқанда ғана олардың алдын алуға болады. Сондықтан біз тазалық жұмыстарымен қатар, адамдардың қоғамдық мүлікке деген көзқарасын өзгертуге де мән береміз», – деді Аружан Сәрсенбаева.

Өзге өңірлерде де тазалық және ақпараттық жұмыстар жалғасты. Қарағандыда жастарға вандализмнің зияны мен қоғамдық мүлікке ұқыпты қараудың маңызы түсіндірілді. Абай облысында қоғамдық орындардағы орындықтар мен өзге де инфрақұрылым нысандарындағы граффити жазулары өшіріліп, тұрғындар арасында сауалнама жүргізілді. Ал Шымкентте Алаш қайраткерлеріне арналған «Алаш жолы» ескерткіші ретке келтірілді.

«Жастар Рухы» жастар қанаты алдағы уақытта да еліміздің барлық өңірінде «Вандализмге жол жоқ!» акциясын өткізіп, тарихи мұра мен қоғамдық орындарды қорғау жұмысын жалғастырмақ.



СЕРПІН

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМНІҢ ЖАҢА ӨРІСІ

600 гектар аумақты қамтитын арнайы экономикалық аймақ өңірдің өндірістік әлеуетін арттырып, 14 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.



Эльмира ЖҮРСІНБЕККЫЗЫ,
Абай облысы

Абай облысының экономикалық дамуында жаңа кезеңнің бастауы болғалы тұр. Өңірде «Семей» арнайы экономикалық аймағы (АЭА) құрылады. Бұл – жай ғана жаңа өндіріс орындарын ашу немесе инвестиция тарту жобасы емес, тұтас аймақтың индустриялық келбетін өзгертуге бағытталған стратегиялық бастама. Жоба жүзеге асқан жағдайда Семей мен оның айналасындағы елді мекендердің экономикалық тынысына тың серпін беріліп, өңірдің инвестициялық тартымдылығы арта түспек.

Тиісті қаулыға Премьер-министр Олжас Бектенов қол қойды. Жаңа арнайы экономикалық аймақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың инвестициялық ахуалды жақсарту, өңдеу өнеркәсібін дамыту және ел экономикасының жаңа өсу нүктелерін қалыптастыру жөніндегі тапсырмалары аясында құрылып отыр.

Бұл бастаманың мәні мен маңызын бір ғана көрсеткішпен өлшеу мүмкін емес. Өйткені жаңа өндіріс орындары, инвестициялық жобалар мен мыңдаған жұмыс орны – өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін өзара сабақтас тетіктер.

ИНВЕСТИЦИЯ – ИНДУСТРИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Жаңа АЭА Жаңасемей ауданында орналасады. Жалпы аумағы 600 гектардан тұратын өндірістік алаңда заманауи жоғары технологиялық өнеркәсіптік-өндірістік кешен қалыптастыру көзделіп отыр. Оның құрамында экспортқа бағдарланған кәсіпорындар да болады.

Жобаның ауқымына назар аударсақ, көзделген міндеттердің салмағын аңғаруға болады. Арнайы экономикалық аймақ аумағындағы жобаларға тартылатын инвестицияның жалпы көлемі 1,4 триллион теңге деңгейінде болжанған. Бұл – Абай облысының экономикасына құйылатын қомақты қаржы. Ең бастысы, инвестиция нақты өндірістік қуаттарды қалыптастыруға, жаңа кәсіпорындарды іске қосуға және өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін арттыруға бағытталмақ.

Әлемдік тәжірибеде арнайы экономикалық аймақтар өндірістік капиталды тартудың, технология трансферін жеделдетудің және экспорттық мүмкіндіктерді кеңейтудің маңызды құралы саналады. Мұндай аумақтарда инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасалып, кәсіпкерлік бастамаларды жүзеге асыруға қажетті инфрақұрылым қалыптастырылады.

«Семей» АЭА-ның да негізгі мақсаты – инвесторларға қолайлы орта қалыптастырумен қатар, өндірістік кәсіпорындардың өзара байланысын дамыту. Яғни бір кәсіпорынның қызметі екіншісіне шикізат, бөлшек, материал немесе қызмет жеткізу арқылы ұштасатын өндірістік тізбек құру көзделеді. Бұл – экономиканы әртараптандырудың маңызды шарты. Себебі өңір экономикасының тұрақтылығы тек жекелеген ірі кәсіпорындардың жұмысына емес, солардың төңірегінде қалыптасатын шағын және орта бизнес желісінің дамуына да байланысты.

14 МЫҢ ЖҰМЫС ОРНЫ – 14 МЫҢ ОТБАСЫНЫҢ ҮМІТІ

Жаңа экономикалық аймақтың әлеуметтік маңызын айқындайтын басты көрсеткіштердің бірі – жұмыспен қамту мәселесі. Болжам бойынша, жаңа кәсіпорындарды іске қосу нәтижесінде 14 мыңға жуық тұрақты жұмыс орны ашылады. Бұл санның ар жағында мыңдаған адамның кәсіби мүмкіндігі, отбасылардың әл-ауқаты және жастардың туған жерінде тұрақтап қалуына жол ашатын жаңа перспективалар тұр. Әсіресе еңбек нарығында сұранысқа ие техникалық мамандықтарды дамыту мәселесі өзекті. Заманауи өндіріс орындарына инженерлер, технологтер, энергетиктер, автоматтандыру мамандары, логистер, механиктер мен білікті жұмысшылар қажет болады. Демек, арнайы экономикалық аймақтың құрылуы кәсіптік-техникалық білім беру жүйесіне де жаңа міндеттер жүктейді. Осы ретте өңірдегі колледждер мен жоғары оқу орындарының өндіріс орындарымен байланысын нығайту маңызды. Болашақ мамандарды жұмыс берушілердің нақты сұранысына сәйкес даярлау, дуальді білім беру жүйесін кеңейту, өндірістік тәжірибені жетілдіру – алдағы кезеңнің өзекті бағыттары. Жастардың өз өңірінде сапалы білім алып, тұрақты жұмысқа орналасып, кәсіби тұрғыдан өсуіне мүмкіндік жасалса, бұл демографиялық және әлеуметтік тұрақтылыққа да оң ықпал етеді.

ӨНДІРІС ДАМЫСА, ӨҢІР ЭКОНОМИКАСЫ ДА НЫҒАЯДЫ

Арнайы экономикалық аймақтың ықпалы оның аумағымен ғана шектелмейді. Керісінше, мұндай ірі жобалардың экономикалық әсері айналасындағы салаларға таралуымен ерекшеленеді. Мәселен, жаңа кәсіпорындар іске қосылған кезде құрылыс, көлік, логистика, сауда, тамақтандыру, жөндеу және сервистік қызметтерге сұраныс артады. Өндіріс орындарына қажетті тауарлар мен қызметтерді жергілікті кәсіпкерлер ұсынса, қаржының едәуір бөлігі өңір экономикасының ішінде айналымға түседі. Бұл – мультипликативті әсердің нақты көрінісі. Сондықтан «Семей» АЭА төңірегінде жергілікті шағын және орта бизнестің әлеуетін арттыруға ерекше назар аударылуы қажет. Ірі инвесторлармен қатар, қосалқы бөлшектер, құрылыс материалдары, арнайы жабдықтар мен өндірістік қызметтер ұсынатын жергілікті кәсіпорындардың да мүмкіндігі кеңеюге тиіс.

Тағы бір маңызды мәселе – логистикалық инфрақұрылым. Өндірілген өнімді ішкі нарыққа жеткізу және экспортқа шығару үшін тиімді көлік жүйесі қажет. Осы себепті өндірістік алаң мен көлік-логистикалық инфрақұрылымның өзара үйлесімді дамуы жобаның табыстылығына тікелей әсер етеді. Семейдің географиялық орналасуы мен тарихи қалыптасқан өндірістік әлеуетін ескерсек, жаңа экономикалық аймақ өңірдің сауда-экономикалық байланыстарын кеңейтуге де мүмкіндік бере алады.

МҮМКІНДІКПЕН БІРГЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТЕ АРТАДЫ

Әрине, арнайы экономикалық аймақ құру – үлкен жұмыстың бастауы ғана. Ендігі мәселе – жоспарланған инвестицияны нақты іске айналдыру, жобаларды белгіленген мерзімде жүзеге асыру және құрылған өндіріс орындарының ұзақмерзімді тиімділігін қамтамасыз ету.

Бұл ретте бірнеше бағыттың маңызы ерекше.

Біріншіден, инвесторларға ұсынылатын инфрақұрылым сапалы әрі қолжетімді болуы керек. Электр энергиясы, су, жол, инженерлік желілер мен өндірістік коммуникациялар уақытылы дайындалмаса, инвестициялық жобалардың іске асу қарқынына әсер етуі мүмкін.

Екіншіден, жергілікті кадрларды даярлау мәселесі өндірістік жобалармен қатар жүруі қажет. Жаңа жұмыс орындарына өңір тұрғындары, әсіресе жастар мен техникалық мамандық иелері орналасуына жағдай жасалуы маңызды.

Үшіншіден, экологиялық талаптар назардан тыс қалмауға тиіс. Заманауи өндіріс тек экономикалық тиімділігімен емес, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауымен де бағаланады. Абай облысының табиғи әлеуетін сақтау, өндірістік қалдықтарды басқару және ресурстарды үнемдеу мәселелері жобалаудың бастапқы кезеңінен ескерілуі қажет.

Төртіншіден, жергілікті кәсіпкерлердің жаңа өндірістік тізбектерге қатысуына мүмкіндік берілуі керек. Өйткені ірі инвестициялық жобалардың өңір үшін шынайы қайтарымы жергілікті экономиканың қаншалықты қамтылатынына да байланысты.

СЕМЕЙ – ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ НҮКТЕСІ

«Семей» арнайы экономикалық аймағының құрылуы елдегі индустриялық саясаттың өңірлік деңгейде жалғасып жатқанын көрсетеді. Жаңа АЭА іске қосылғаннан кейін Қазақстанда 15 өңірді қамтитын 19 арнайы экономикалық аймақ жұмыс істейтін болады. Олардың негізгі міндеті – инвестиция тарту, жаңа өндірістерді дамыту және өнеркәсіп өнімдерінің көлемін ұлғайту.

Абай облысы үшін бұл бастаманың орны бөлек. Себебі өңірдің экономикалық мүмкіндігін кеңейту, өндіріс құрылымын әртараптандыру және жаңа жұмыс орындарын қалыптастыру бүгінгі күннің ғана емес, болашақтың да маңызды міндеті.

Семейдің өндірістік дәстүрі мен адами капиталы, жаңа инвестициялық жобалар және заманауи технологиялар бір арнаға тоғысса, аймақтың экономикалық әлеуетін жаңа деңгейге көтеруге негіз қаланады.

Әйтсе де жобаның шынайы нәтижесі қағаздағы инвестициялық көрсеткіштермен ғана өлшенбейді. Оның табысы іске қосылған кәсіпорындардың санымен, өндірілген өнім көлемімен, экспорттық мүмкіндіктерімен, ашылған тұрақты жұмыс орындарымен және жергілікті халықтың тұрмыс сапасына тигізген әсерімен бағалануға тиіс.

600 гектар аумаққа орналасатын жаңа өндірістік кешеннің алдында үлкен міндет тұр. Ол – Семейдің экономикалық тынысын кеңейтіп қана қоймай, Абай облысын Қазақстанның жаңа индустриялық даму кеңістігінің маңызды бөлігіне айналдыру. Демек, «Семей» АЭА – бүгінгі инвестициялық бастама ғана емес, ертеңгі өңір экономикасының жаңа келбетін қалыптастыруға бағытталған ауқымды қадам.


НАРЫҚ

17 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ

МЕЖЕСІ ҚАЙТА ӨЗГЕРГЕН МОБИЛЬДІ АУДАРЫМ

(Басы 1-бетте)

Кәмила ДҮЙСЕН



– Өздеріңіз білесіздер, жеке тұлғаға қатарынан үш ай бойы ай сайын 100 түрлі адамнан мобильді аударым түссе, бұл аударымдар бақылауға алынады. Бұған дейін үш айда түскен ақшаның жалпы сомасы ең төменгі жалақының 12 еселенген мөлшерінен асуға тиіс еді. Енді сол межені 360 айлық есептік көрсеткішке ауыстырдық. Яғни шекті сома 1 020 000 теңгеден 1 557 000 теңгеге өсті, – деді Дина Құсайынова.

Айталық, анасы баласына бір ай бойы күн сайын ақша жіберді. Банк сол айдағы жіберушілерді санағанда, анасы бір адам болып есептеледі. Ал қазанда 120, қарашада 110, желтоқсанда 150 бөлек адамнан ақша түссе, үш айдың әрқайсысында жіберушілер санына қойылған талап орындалады. Сонда банк осы кезеңде шотқа түскен қаражаттың жалпы сомасын қарайды. Ол белгіленген межеден асса, мәлімет салық органына беріледі.

НЕЛІКТЕН 360 АЕК?

Құсайынова ақшалай меженің өзгеруін Кәсіпкерлік кодексіндегі түзетулермен байланыстырады. Комитет өкілінің түсіндіруінше, мобильді аударымдарды бақылау тәртібіндегі ақшалай өлшем кәсіпкерді міндетті тіркеуге қатысты кодексте көрсетілген мөлшерге сәйкестендірілген.

– Бұл өзгеріс Кәсіпкерлік кодексіне енгізілген түзетулерге байланысты. Кодекске сәйкес, кәсіпкерлік қызметтен түскен жылдық табысы 360 АЕК-тен асқан жеке тұлғалар дара кәсіпкер ретінде міндетті түрде тіркелуге тиіс, – деді ол.

Екі жағдайда да 360 АЕК көрсетілгенімен, есептелетін мерзім мен қаражаттың сипаты бөлек. Банк мәлімет жолдау шарттарын қарағанда жеке шотқа қатарынан үш айда түскен ақшаны есептейді. Ал Құсайынова сөз еткен міндетті тіркелу талабында бір жыл ішінде кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс ескеріледі. Сондықтан банк мәлімет жолдай ма деген сұраққа үш айдағы түсім мен жіберушілер саны арқылы жауап берілсе, кәсіпкер ретінде тіркелуге қатысты бұл талапты бағалағанда жылдық табысқа қарайды.

Құсайынованың айтуынша, бақылау тауардың, атқарылған жұмыстың немесе көрсетілген қызметтің ақысын жеке шотына алып жүрген азаматтарды анықтауға бағытталған. Комитет өкілі кәсіпкер клиентпен QR-код арқылы да, қолма-қол да есеп айырыса алатынын түсіндірді. Екі жағдайда да төлем тіркелуге тиіс.

– Кәсіпкерлер өз қызметі үшін төлемді кәсіпкерлік шот арқылы қабылдауға тиіс. Клиент QR-код арқылы төлесе, ақша кәсіпкерлік шотқа түсуі керек. Ал қолма-қол есеп айырысқанда бақылау-касса машинасы арқылы чек берілуі қажет. Тауарлар, жұмыстар мен қызметтер үшін жасалған барлық төлем тіркелуге тиіс, – деді Дина Құсайынова.

Ал жеке картаға түскен қызмет ақысы үш айда 1 млн 557 мың теңгеге жетпесе, оны қалай есепке алады? Qazaq Expert Club сарапшысы, қаржыгер Саида Тілеуленова мұны шебердің табысы мысалында түсіндірді.

– Мобильді аударымдардың бақылау шегінің жоғарылауы – ең алдымен, салықтық әкімшілендіру критерийлерінің бірін жеңілдету. Бұл азаматтарды салық төлеуден босату немесе тауарлар мен қызметтер үшін төлемді жеке банк картасына қабылдауға рұқсат беру деген сөз емес, – деп атап өтеді Qazaq Expert Club сарапшысы, қаржыгер Саида Тілеуленова.

БАНК МӘЛІМЕТТІ ҚАЙ КЕЗДЕ БЕРЕДІ?

Қаржыгердің түсіндіруінше, банк кәсіпкерлікке арналмаған жеке шотқа қатарынан үш күнтізбелік айдың әрқайсысында кемінде 100 бөлек адамнан ақша түсіп, сол кезеңдегі жалпы сома 360 АЕК-тен асқанда мәліметті салық органдарына жолдайды. Есепке үш айдағы түсімнің жиынтығы алынады. Ал ақша жіберген адамдардың саны әр ай бойынша жеке есептеледі.

Сөз басындағы шебердің жағдайын алайық. Үш айдың әрқайсысында оған жүз түрлі клиент ақша аударды. Демек, адам санына қатысты шарт орындалды. Бірақ үш айдағы 1,2 млн теңге бұрынғы межеден асқанымен, жаңа шекке жетпейді. Қаржыгердің айтуынша, бұл ақшаның көрсетілген қызмет үшін төленгені оның табыс ретіндегі сипатын айқындайды.

Екінші мысалда жеке шотқа үш айда 1,6 млн теңге түседі. Сома межеден асып тұр, бірақ айлардың бірінде ақша жібергендер саны 80 адам болған. Мұндайда банк осы тәртіп бойынша мәлімет бермейді. Үшінші мысалда да түсім 1,6 млн теңге. Бұл жолы үш айдың әрқайсысында кемінде жүз бөлек адам ақша аударған. Екі шарт та орындалған соң банк мәліметті салық органына жолдайды.

– Жаңа критерий салық салынбайтын шекті соманы белгілемейді, тек ықтимал кәсіпкерлік қызметті анықтау механизмін айқындайды. Халық арасында енді 1,557 млн теңгеден аспайтын кез келген төлемді бизнесті тіркемей-ақ жеке картаға қабылдауға болады деген қате түсінік қалыптастырмау маңызды, – деп түсіндіреді сарапшы.

Туыстың жіберген ақшасы, қайтарылған қарыз немесе ортақ сыйлыққа жиналған қаражат жеке картаға түскені үшін ғана кәсіпкерлік табысқа жатпайды. Ал тауардың не қызметтің ақысы белгіленген межеге жетпесе де табыс болып қала береді. Кәсібін тіркеген адам да түсімін жеке картасына қабылдаса, жоғарыдағы шарттар орындалған кезде банк сол шот туралы мәліметті салық органына береді. Мұнда қаражаттың қай шотқа түскені ескеріледі.

> **Белгіленген критерийлерге сәйкес келу бірден тексеру жүргізіледі немесе банк шоты бұғатталады дегенді білдірмейді. негіз болған жағдайда камералдық бақылау жүргізілуі мүмкін. Егер оның нәтижесінде сәйкессіздіктер анықталып, хабарлама жолданса, азамат түсініктеме беруге немесе оларды жоюға мүмкіндік алады.**

ХАБАРЛАМА КЕЛСЕ, ҚАЙТЕМІЗ?

– Белгіленген критерийлерге сәйкес келу бірден тексеру жүргізіледі немесе банк шоты бұғатталады дегенді білдірмейді, – деп атап өтеді қаржыгер. – Қаржы министрлігінің түсіндірмесіне сәйкес, алдымен салық органы ақпараттық хабарлама жібереді. Кейін негіз болған жағдайда камералдық бақылау жүргізілуі мүмкін. Егер оның нәтижесінде сәйкессіздіктер анықталып, хабарлама жолданса, азамат түсініктеме беруге немесе оларды жоюға мүмкіндік алады. Белгіленген критерийлерге сәйкес келудің өзі шот бойынша операцияларды тоқтата тұруға негіз бола алмайды.

Тілеуленованың бағалауынша, шектің өсуі жеке картасына түскен шағын аударымдар жөнінде түсініктеме беруге тура келетін жағдайларды азайтуы мүмкін. Кәсібін енді бастаған адамдарға түсетін әкімшілік салмақ та жеңілдеуі ықтимал. Сонымен бірге кей сатушылар «түсімім осы межеге жеткенше тіркелмей жұмыс істей берсем болады» деп ұғуы мүмкін. Қаржыгер осы тұста кәсіпті ресімдегеннен кейін оны жүргізуге қандай жағдай жасалғанына назар аударады.

– Шағын бизнестің көлеңкелі экономикадан шығуы үшін тек бақылау тетіктері ғана емес, жұмыс істеуге қолайлы жағдайлар да қажет. Атап айтқанда, тіркеудің қарапайым тәртібі, түсінікті салық режимі, есеп жүргізуге арналған қолжетімді цифрлық құралдар, құны төмен бизнес-шоттар мен эквайринг қызметтері, сондай-ақ есептілікке қатысты болжамды әрі тұрақты ережелер болуға тиіс, – деп есептейді қаржыгер.

Сарапшы өзгерістің нәтижесін екі көрсеткішке қарап бағалауды ұсынады. Бірі – жеке аударымдарға қатысты қате жіберілген хабарламалар санының азаюы. Екіншісі – түсіндіру жұмыстарынан кейін кәсібін ресми тіркеген адамдардың саны. Ал экономикалық тиімділікті бағалағанда, кәсіптің ресімделуінен бюджетке қанша қосымша кіріс түскені және сол нәтижеге жету үшін мемлекет қанша шығын жұмсағаны қатар есепке алынады.

– Мен экономикалық тиімділікті заңдастырылған бизнестен түсетін қосымша салық түсімдері мен мемлекеттің құқықбұзушылықтарды анықтауға, банктік ақпаратты өңдеуге және бақылау шараларын жүргізуге жұмсайтын шығындарының арақатынасы арқылы бағалар едім, – деп қорытындылады сарапшы.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҮМІТ ПЕН КҮДІК

Кешеден бастап зейнетақы жүйесі аздаған өзгеріспен жаңа тәртіппен жұмыс істей бастады. Ел азаматтарына зейнетақы активтерін жеке басқарушы компаниялар арқылы инвестициялаудың үш түрлі стратегиясы ұсынылып отыр. Инвестициялау жолы тәуекелі аз, орташа, жоғары болып бөлінеді. Зейнетақы қорын реформалауға қатысты неше жылдан бері жалғасып келе жатқан қызу тартысты әңгіменің әзірге түйіні осы болып тұр әрі жаңалық енгізушілер осылай «бір оқпен екі қоян атқысы» келетін сияқты.

Ербол ТҰРЫМБЕТ

Жаңа тәртіп қордағы жинағын адамның өз басқаруына берудің бір жолы ретінде қарастырылады. Бір қарағанда, ақылға қонымды әрекет, әркім өз жинағын өзі басқарғаны дұрыс. Алайда оның да біршама түйткілді тұсы бар. Бірақ ол туралы кейінірек. Алдымен әңгіме Қорда қордаланып қалған қыруар қаражат жайында. Бас-аяғы 27 трлн теңгеден асып жығылатын орасан активті бір қолдың басқаруына беру ағаттық болар. Осы тұрғыдан алғанда, нарықтан басқарушы жеке компанияларды табу әлдеқайда ұтымды шешім деген пайым бар. Өйткені қаражат бір қолда, оның үстіне Ұлттық банкте тұрғаннан гөрі нарықта айналып жатқаны керек. Мұндайда инвестициялық табысы да әлдеқайда жоғары болары сөзсіз, өйткені бәсекелестік, жеке компанияның командалық жұмысы, олардың үстінен ҰБ бақылап отыруы сияқты тетіктер көп сенім туғызады.

Жуырда өткен Қазақстан қаржыгерлерінің конгресінде мынадай деректер айтылды. Бір жыл ішінде жеке басқарушы компаниялардың қарамағындағы зейнетақы активтері үш есеге өсіп, 268 млрд теңгеге жеткен. Сонымен қатар олардың инвестициялық табыстылығы Ұлттық банктің көрсеткішінен жоғары болған. Бұл – бір.

Екіншіден, еліміздің кәсіпкерлік секторы әлі күнге ұзақмерзімді қаржыландыруға мұқтаж. Зейнетақы активтерінен жеке банктер мен компаниялардың облигацияларына салынған инвестиция көлемі 963 млрд теңгеден 381 млрд теңгеге дейін азайып кеткен. Ұлттық банктің басқаруындағы зейнетақы активтерінің небәрі 0,03 пайызы ғана қазақстандық жеке компаниялардың бағалы қағаздарына салынған. Ал корпоративтік облигациялар нарығында тартылатын қаражаттың шамамен 90 пайызы квазимемлекеттік сектордың үлесіне тиесілі. Ұлттық банк басқаруындағы 27 трлн теңгенің нарықта лайықты деңгейде жұмыс істемей жатқанына нақты дәлел деуге болады. Үкімет осы олқылықты сезініп, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің қаулысымен жаңа талаптар бекітілді. Соған сәйкес, салымшы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына инвестициялық портфельді басқарушыны (ИПБ) және инвестициялық портфельдің түрін таңдау туралы өтініш береді. Ал басқарушы жеке компания үш түрлі портфель ұсынады: консервативті портфель – бұл портфель бойынша ең төменгі кірістілік көрсеткіші 12 айдың, бірқалыпты портфель – 36 айдың және тәуекелі жоғары портфель – 60 айдың қорытындысы негізінде есептеледі. Оған қоса, кімдердің жинақтарын пайдаланатыны жасына қарай ерекшеленеді.

Жаңа жүйе көңілге қонымды деп бағаланғанымен, сарапшылар арасында одан да олқылық көретіндер бар. Қаржыгер, еліміздің зейнетақы жүйесіне көп жылдан бері талдау жасап келе жатқан Олжас Құдайбергенов жаңа тәсілге қарсы болмаса да мұндағы мәселе жауапкершілікке келіп тірелетінін айтады. Бұрын Қазақстанда жекеменшік зейнетақы қорлары жұмыс істеген кезде бірқатар жүйелі проблема болған. Олар өз акционерлерімен байланысы бар компаниялардың бағалы қағаздарын сатып алып, нарықтағы бағаларды қолдан жасаған. Сондай-ақ салымшыларды бір қордан екіншісіне тарту, бір адамның атына бірнеше есепшот ашу сияқты келеңсіздіктер де кездескен. Кейін қазіргі қолданыстағы БЖЗҚ құрылғаннан кейін бұл мәселелердің басым бөлігі шешіліп отыр. Қазір Қор зейнетақы активтерін өзі басқармайды, тек салымшылардың есепшоттарын жүргізеді. Ал активтерді басқару ісімен Ұлттық банк айналысады, оның мамандары – білікті адамдар.

– Егер Ұлттық банк зейнетақы активтерінің белгілі бір бөлігін басқаруды жеке компанияларға беріп, олардың жұмысына нақты шектеулер қойып, жауапкершілігін белгілесе, мұндай жүйені қолдауға болады. Ал салымшыға басқарушы компанияны өзің таңдап, зейнетақы жинағыңды соған сеніп тапсыр десе, жағдай мүлде басқаша өрбиді. Өйткені мұндай жағдайда нарықтағы тәуекелдің барлығы түптеп келгенде азаматтың өз мойнына артылады. Егер басқарушы компания салымшының ақшасынан айырылып қалса, мұны құбылмалы нарықтың кесіріне сілтей салуы мүмкін. Одан салымшы қаражатын талап ете алмайды, себебі өз еркімен қол қойып келіскен. Осындай үлгіні дұрыс деп санамаймын, – дейді сарапшы.



Оның сөзінше, зейнетақы жинағы қарапайым инвестициялық шоттағы ақша емес. Мұнда жіберілген қателіктің салдары жиырма-отыз жылдан кейін ғана білінуі мүмкін. Ол кезде жағдайды түзетуге тым кеш болады. Бұдан бөлек, әркімнің өз қалауымен басқаруына еркіндік берудің де кері салдары болуы бек мүмкін. Өйткені барлығына бірдей қолжетімді етіп қойса, қаржылық сауаты аз адам қате жіберері сөзсіз. Әлбетте, жиған қорын қандай жағдайда біреуге сеніп тапсырарын кәсіби білігімен шешіп жатса, құба-құп.

Бұған қоса, көптеген басқарушы компания қаржы-өнеркәсіптік топтармен тікелей немесе жанама түрде байланысты болып келеді. Бұдан мүдделер қақтығысы деген мәселенің шеті қылтиып шыға келеді. Айталық, басқарушы компанияға қысым жасалып, қандай да бір топтың мүддесіне қарай қаржы құралына инвестиция салдыруы мүмкін. Ерте ме, кеш пе осындай жағдайға тап болып жатса, арты тіпті қиындап кетуі мүмкін.

Сол үшін сарапшы көптен бері Сингапур жүйесін негіз етіп алуға үндеп келеді. Ол үшін үш негізгі бағыт бойынша өзгеріс жасау қажет деп есептейді.

Біріншіден, айлық табыстан төленетін міндетті төлемдерді жеңілдетіп, жұмыс берушілердің жалақы қорына түсетін қаржылық жүктемені азайту керек. Қазір жалақыдан жеке табыс салығы, бірнеше түрлі зейнетақы және әлеуметтік аударымдар, медициналық сақтандыру жарналары төленеді. Осының бәрін қосқанда қаржылық жүктеме айтарлықтай ауырлайды. Оның үстіне алдағы жылдары бұл жүктеме одан әрі ұлғаяды. Сондықтан сарапшы негізгі екі төлемді ғана қалдыруды ұсынады – жеке табыс салығы мен бірыңғай зейнетақы жарнасы.

Екіншіден, зейнетақы жүйесін тұрғын үймен қамтамасыз ету және медициналық сақтандыру жүйелерімен біріктіру қажет деп санайды. Бізде жұрт зейнетақы жинағын тек пәлен жылдан кейін ғана қол жеткізетін ақша деп қабылдайды. Жоқ. Керісінше, ол күнделікті өмірдегі әлеуметтік қажеттіліктерді өтеуге мүмкіндік беретін өзіндік әлеуметтік әмиянға айналуға тиіс.

– Мәселен, зейнетақы жарналарының белгілі бір бөлігін тұрғын үй жинақ шотына аударуға болады. Бұл үшін БЖЗҚ-ның әрбір салымшысына Отбасы банкінен автоматты түрде арнайы шот ашылады. Егер азаматқа баспана қажет болмаса, ол бұл мүмкіндіктен бас тартып, қаражатын қайтадан зейнетақы шотына аудара алады. Болмаған жағдайда оны білім алуға, медициналық сақтандыруға және инвестицияға жұмсауға болатын арнайы шотқа бағыттайды, – дейді Олжас Құдайбергенов.

Үшіншіден, оның пайымынша, мұндай жүйе мемлекеттің ұзақмерзімді жоспарлауының негізіне айналуы керек. БЖЗҚ, Отбасы банкі және медициналық сақтандыру жүйесі өзара байланысып, мемлекетке алдағы он жылға нақты жоспар құруға мүмкіндік беруі қажет. Мысалы, Отбасы банкі ұзақмерзімді қаржыландыруға қолы жеткеннен кейін алдағы он жылға арналған екі негізгі болжам әзірлеуге жауапты болады. Оның бірі – алдағы уақытта тұрғын үй сатып алуға деген сұраныс, екіншісі – демографиялық өзгерістер туралы болжам. Бұл болжамдар жыл сайын жаңартылып, жоспарлау мерзімі үнемі алдағы он жылды қамтып отырады. Соның нәтижесінде әрбір өнір алдағы он жылда өз аумағында қанша адам тұратынын, қанша тұрғын үй салу қажет екенін алдын ала болжай алады.

Қаржыгердің пікірінше, зейнетақы жүйесін тұрғын үй мәселесімен байланыстырудың өзіндік себебі бар. Кез келген зейнетақы жүйесінің басты кемшілігі – азамат оның нақты пайдасын тым кеш көреді. «Бүгін жақсы жарна төлесең, отыз-қырық жылдан кейін жақсы зейнетақы аласың» деген ел ішінде қалыптасқан «тәмсіл» бар. Әсіресе біздің жағдайда азаматтардың мұндай уәдеге күмәнмен қарайтыны жасырын емес. Сондықтан көпшілік зейнетақы жарнасын тағы бір салық түрі ретінде қабылдайды.

– Ал Сингапур азаматтарға міндетті жарналардың пайдасын бүгінгі тіршілігінде сезінуге мүмкіндік береді. Егер тұрақты аударымдар адамның төмен пайызбен ипотека алуына жол ашса, оның зейнетақы жарнасына деген көзқарасы түбегейлі өзгереді. Өйткені ол төлемнің нақты экономикалық тиімділігін өз көзімен көреді, – дейді ол.

Оның айтуынша, дәл осы материалдық тұрғыдан ынталандыру үлгісі Сингапурда зейнетақы жүйесімен қамтылған азаматтардың үлесін күрт арттырған. Аталған елдің тәжірибесіне сүйенсек, бастапқыда жүйемен қамту деңгейі шамамен 30-40 пайыз болған. Кейін үш-төрт жылдың ішінде бұл көрсеткіш 70-80 пайызға бір-ақ өскен. Ал он жылға жуық уақытта 100 пайызға жуықтаған. Қазақстан үшін мұндай тәжірибенің маңызы зор. Себебі халықтың жеткілікті деңгейде қамтылмай келе жатқаны еліміздің зейнетақы жүйесіндегі ең басты мәселелердің біріне айналып отыр. Сондықтан азаматтарға зейнетақы жарнасының нақты әрі жақын мерзімдегі пайдасын көрсету арқылы жүйеге қатысушылардың санын едәуір арттыруға болады.

ЖОЛ ТОҒЫСҚАН, ЕЛ ТАБЫСҚАН



Жолдауда жарияланған, Қазақстанды ауқымды құрылыс алаңына айналдыратын «Халықтық құрылыс» бағдарламасының үлкен бір бағыты жаңа көпірлер салып, қолданыстағысын қалпына келтіру болмақ. Мемлекет басшысы жаңа инфрақұрылым ауыл мен қала келбетін түбегейлі өзгертетініне назар аудартты. Өңір мен өңірді жалғап, қос жағалау жұртшылығын жақындастыратын көпірлер – өмір мен өмірді, үміт пен мүмкіндікті тоғыстыратын тіршіліктің «күретамыры». Елді өркендетер осы алтын арқау қай өңірлерде жаңарып, қандай жаңа нысандармен толықпақ?

Айхан ШӘРІП

ТОЗҒАН ӨТКЕЛДЕРДЕГІ ӨЗЕКТІ ТҮЙТКІЛ

Ел экономикасының стратегиялық маңызды желісі саналатын көпірлердің жай-күйі – жол инфрақұрылымының ғана емес, халық қауіпсіздігі мен өңірлердің әлеуметтік дамуының да өлшемі. Қазақстанда бұл бағытта ауқымды жұмыс басталғанымен, апатты және тозығы жеткен нысандар мәселесі әлі де өзекті. Жолдың сапасы оның үстіндегі көпірдің беріктігімен өлшенеді. Ауыл халқы үшін көпірдің жарамсыздығы – аудан орталығымен байланыстың үзілуі, тіпті арғы жағалаудағы мектеп, аурухана, әлеуметтік нысанға бара алмау деген сөз.

Көлік министрлігінің дерегінше, елде 2026 жылы 3 623 көпір есепте. Оның 1 488-і – республикалық маңызы бар жолдарда, 2 135-і жергілікті маңыздағы жолдарда тұр. 142 апатты көпірдің 141-і жергілікті желіге тиесілі, яғни жергілікті әкімдіктің жауапкершілігінде. Тағы 420 жергілікті көпір қанағаттанғысыз жағдайда екен. Апатты көпірлер негізінен Қызылорда (87) және Түркістан (50) облыстарында шоғырланған. Аумағы жөнінен ең үлкен өңір – Ұлытау облысында 24 көпірдің 21-і (87,5%), БҚО-да 51 көпірдің 44-і (86,3%) қанағаттанғысыз жағдайда.

Республикалық жолдардағы көпірлердің тек 50,5%-ы, ал жергіліктісінің небәрі 31,5%-ы «жақсы жағдайда». Сондықтан осы проблеманы депутаттық сауалында көтерген Құрылтай депутаты, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі Тұрарбек Тілемісов бұл тұрғыда үш жүйелі мәселені қаперге салды.

«Біріншісі – Көлік министрі өз бұйрығымен бекітуді жоспарлап отырған Көпір құрылыстарын түгендеу, жаңғырту және жетілдіру жөніндегі 2027–2031 жылдарға арналған ведомстволық бағдарлама жергілікті желіні қамтымайды. Ол тек республикалық маңызы бар жолдарға қолданылады. Облыстық және аудандық маңызы бар көпірлер (2 135 құрылыс немесе көпір қорының 59%-ы) бағдарламадан тыс қалып, қалдық қағидат бойынша қаржыландырылмауға тиіс», – деді депутат.

Екінші түйткіл, көпірлерге жұмсалатын шығыстардың жеке есебі жоқ. Шығындар кешенді жол жобаларына қосыла салады, соның құрамында есепке алынады. 2026 жылы жергілікті маңызы бар жолдарға 309 млрд теңге бөлінді, алайда көпірлерге бағытталған қаражат көлемі анықталмаған. Нақты есепсіз қанша қаражат қажетін бағалау қиын.

«Үшінші мәселе – ведомстволық бұйрық өңірлерге міндеттеме жүктемейді. Тиісінше, ол жергілікті бюджеттерді қосымша қаражатпен қамтамасыз етпейді. Сол себепті бұл мәселе Үкімет деңгейінде, Көлік, Қаржы министрліктерінің және облыс әкімдіктерінің қатысуымен шешуді талап етеді. Осыған байланысты республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жолдарды қамтитын, 2031 жылға дейінгі Көпір шаруашылығын күтіп ұстаудың және қайта жаңартудың бірыңғай бағдарламасын әзірлеу қажет», – деп есептейді Т.Тілемісов.

Оның пайымдауынша, Көлік министрлігінің бірыңғай әдістемесі бойынша жергілікті көпірлер желісін жаппай инвентаризациялаудан және паспорттаудан өткізіп, оларды «Көпірлерді эксплуатациялауды басқару жүйесіне» енгізу қажет. Бұл – мәселені көзбен шамалаудан нақты дерекке сүйенген басқаруға көшудің алғашқы шарты.

КӨПІРЛЕР КЕЗЕГІ ПАЙДА БОЛАДЫ

Үкімет басшысының орынбасары Қанат Бозымбаевтың мәліметінше, 2031 жылға дейінгі Көпір құрылыстарын түгендеу, жаңғырту және жетілдіру бағдарламасы әзірленіп жатыр. Жоба мүдделі тараптармен – жауапты меморгандармен, салалық қауымдастықпен келісуден өту үстінде. Құжатты биылғы жыл соңына дейін бекіту жоспарланған. Вице-премьер депутаттар көтерген жайттар ескерілгенін жеткізді.

– Жаңа бағдарлама республикалық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарындағы көпір құрылыстарын қатар қамтитын болады. Бұл көпір шаруашылығын басқарудың бірыңғай тәсілін түзуге мүмкіндік береді. Бағдарлама аясында жергілікті жол желісіндегі көпірлерді түгел түгендеу және паспорттау, алынған деректерді Көпірлерді эксплуатациялауды басқару жүйесіне енгізу көзделген. Тексеру нәтижесінде нысандардың техникалық жай-күйі анықталады, оларды жөндеу, конструкциясын күшейту немесе реконструкциялау жөніндегі қажетті шаралар айқындалады, – деді Қанат Бозымбаев.

Оның түсіндіруінше, техникалық қорытындылар негізінде апаттық дәрежесіне, қозғалыс қарқынына және әлеуметтік-экономикалық маңызына қарай «көпірлер кезегі» белгіленбек. Ал көпір салу, жаңарту және жөндеу жұмыстары жол жобалары аясында орындалады. Тиісті шығыстар бөлек қарастырылмай, жолдың жалпы құнына енгізіледі.

Вице-премьер 2026 жылға дейін жергілікті маңызы бар апатты көпір құрылыстарын жөндеу республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылғанын еске салды. 2026 жылдан бастап қаржыландыру тек қана жергілікті бюджеттер есебінен жүзеге асырылады. Қаржы бөлінетін жобалардың тізімін де жергілікті әкімдіктер қалыптастырады.

Қаржыландырудың қосымша қайнары – Инфрақұрылымдық даму қоры болып отыр: оның қаражаты есебінен жалпы сомасы 234,7 миллиард теңгені құрайтын 43 жобаны іске асыру қолдау тапты. Бұл жобалар ішінде жергілікті апатты көпірлер мен көпір құрылыстары да бар екен.

– Жұмыстарды ары қарай жоспарлау үшін жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен, жөндеуді және реконструкциялауды қажет ететін көпір құрылыстарының жиынтық тізбесі қалыптастырылады. Онда мұндай көпірлердің орналасқан жері, техникалық жағдайы және қажетті іс-шаралар ауқымы көрсетіледі. Соның негізінде қор қаражаты есебінен 2027–2029 жылдары, бірінші кезектегі жобаларды қаржыландыру ұсыныстары дайындалады, – деді Қ.Бозымбаев.

Вице-премьер қандай трассаларда жаңа көпірлер пайда болатынына тоқталды. Ақтөбе–Қызылорда, Бейнеу–Сексеуіл, Жаңаөзен–Темір Баба, Қарағанды–Жезқазған–Қызылорда және Орталық–Батыс бағыттарында автомобиль жолдарын дамыту жобалары аясында 2026-2029 жылдары көпір салу және жөндеу жоспарланған. Жалпы алғанда, «Халықтық құрылыс» іс-шаралары апатты көпір атаулыны кезең-кезеңімен қалпына келтіруге, жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға және ел бойынша тұрақты көлік қатынасын қамтамасыз етуге тиіс.

ЖОЛ МЕН КӨПІР ҚАТАР ЖАҢҒЫРАДЫ

Сөйтіп, Қазақстанда көпір құрылысы мен жол инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары қатар жүріп жатыр. Мысалы, 2030 жылға дейін іске асырылатын, Сарыағаш қаласын айналып өтетін, ұзындығы 102 шақырымдық бір ғана жаңа автомобиль жолында бірден 22 көпір, ауыл шаруашылығы техникасына арналған 21 өткел және 223 су өткізу құбыры салынбақ. Осының өзі инфрақұрылымның ауқымын аңғартады.

Алматыда Абай даңғылын Үлкен Алматы айналма автомобиль жолымен (ҮАААЖ) жалғайтын бағытта Ақсай өзені арқылы көпір салынып жатыр. Құрылыс 2022 жылы басталған. Қаржыландыру мәселесіне байланысты тоқтап қалған жұмыстар биыл қала әкімдігінің бақылауымен қайта жанданды. Қозғалысты жыл соңына дейін ашу жоспарланған.

Ақтөбе облысының Ойыл ауданында 2024 жылғы су тасқынында қираған жолдың орнына салынған ұзындығы 280 метрлік жаңа көпір жуырда пайдалануға берілді. Ол «Батыс Қазақстан – Оңтүстік Қазақстан» транзиттік дәлізінің құрамына кіреді.

Өскемен қаласының жол-көлік инфрақұрылымын дамыту аясында Ертіс өзені арқылы өтетін көпір құрылысының жобасы басталды. Биыл оны қолдау мақсатында қосымша 55 млрд теңге бөлінді. Жоба ұзындығы 2,3 шақырым болатын жолдан, ұзындығы 834,8 метр үлкен көпірден тұрады.

Семейде ұзындығы 1 350 метр, ені 23 метр болатын жаңа автомобиль көпірінің құрылысы жалғасты. Жайық өзені арқылы да жаңа автомобиль көпірі салынады. Жоба аясында заманауи монолитті екі көпірді салу көзделген. Оның ішінде арналық көпірдің ұзындығы – 513 метр, өзен жайылмасындағы көпірдің ұзындығы – 1,7 шақырым.

Тағы бір бетбұрыс бұдан былай көпірлерді жобалау мен пайдалануға жасанды интеллект және цифрлық технологиялар енгізілді. Бұдан былай Қазақстанда ұзындығы 100 метрден асатын көпірлерді жобалауда ақпараттық модельдеу (BIM) міндетталды. «ҚазжолҒЗИ» лазерлік сканерлеу, фотограмметрия және үшөлшемді модельдеу арқылы көпірлердің цифрлық көшірмесін әзірлеп, техникалық жай-күйін бағалауға кірісті.

Қытайға барып, үздік тәжірибесін зерделеген қазақстандық мамандар енді елімізде де датчиктер мен болжамдық модельдер арқылы көпірлердегі діріл, деформация және ықтимал ақауларды алдын ала анықтау мүмкіндіктерін қарастырады. Демек, ендігі міндет – көпірді жөндеумен бітпейді, ондағы қауіп-қатерді алдын ала болжауға күш салынбақ. Өйткені елдің көлік байланысының үзілмеуі әрбір өткелдің қауіпсіздігі мен қолданылуына жауапкершілікпен қарауға тәуелді.

Бұған дейін тіршілігі мен тынысы Сырдария өзенімен біте қайнасып, ғасырлар бойы ақ күріш өсіруді кәсіп еткен аймақ үшін су мәселесі қашанда өзекті. Уақыт өте келе климаттың өзгеруі, трансшекаралық өзендердегі су тапшылығы және ауыл шаруашылығы саласындағы жаңа талаптар өңірдің қалыптасқан егіншілік жүйесіне басқаша көзқараспен қарауды қажет етіп отыр. Соған орай ендігі жерде мол өнім алумен қатар, әр тамшы судың қайтарымын есептейтін жүйеге көшу қажеттігі өздігінен сұранып тұр. Осы ретте биылғы науқаннан бастап жүгері өнімін жерсіндіруге бетбұрыс жасаған Сыр дихандарының алғашқы аяқалысы нәтижесіз емес.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы



СЫРДА ЖҮГЕРІ ЖАЙҚАЛАДЫ

ЖАҢА ӨНДІРІС – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауында осы мәселелерге айрықша назар аударылды. Президент су ресурстарын ұтымды пайдалану, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу, сақтау және өткізу инфрақұрылымын дамыту міндеттерін нақты атап көрсетті. Әсіресе Қызылорда облысының күрделі климаттық жағдайға қарамастан жүгері мен соя өсіріп, оны өңдеумен айналысып отырғанын оң тәжірибе ретінде атауы өңір үшін маңызды.

Негізінен, Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы ұзақ жылдар бойы күріш өндірісіне арқа сүйеп келгені көпке мәлім. Сыр салысы Жақаев салған сара жолдан жаңылмай, өңірдің экономикалық әлеуетін қалыптастырып, мыңдаған отбасының күнкөріс көзіне айналды. Дегенмен күріштің суды көп қажет ететін ерекшелігі қазіргі су тапшылығы жағдайында егіс құрылымын қайта қарауды талап ете бастады.

Соған орай цифрларды сөйлетсек, биыл облыста күріш алқабы 70 мың гектарды құрады. Яғни соңғы үш жылда оның көлемі 19 мың гектарға қысқарғаны байқалады. Мұны бірінші кезекте егіншілік құрылымын өзгерту бағытындағы нақты қадам деп бағалауға болады.

Әрине, бұл жерде Қызылорда күріштен біржола бас тартты деп айтудан аулақпыз. Дейтұрғанмен, аймақ шаруалары бір ғана дақылға тәуелділікті азайтып, ауыл шаруашылығының табыс көздерін көбейтуге ден қоя бастағаны аңғарылады. Осы тұрғыдан келгенде жүгері өндірісінің маңызы артып отыр.

Қызылорда облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының дерегіне сүйенсек, биыл облыс бойынша 11 мың гектарға жүгері егіліп, одан 60 мың тоннадан астам өнім жиналған. Ал келер жылы арнайы Жол картасы бекітіліп, 2027 жылы жүгері егісінің көлемін 28 мың гектарға жеткізу жоспарланған. Демек, бұл бағыттағы жұмыс уақытша науқан емес, өңірдің аграрлық даму стратегиясының бір бөлігіне айналып келеді.

Бұл тұрғыда сырбойылық шаруалардың өңір табиғатына таңсық өнімді жерсіндірумен қатар, жаңа өндіріске бетбұрыс жасауы осы сөзімізге толық дәлел. Нақты айтқанда, Сыр дихандары жүгері мен соя егуге бет бұрып қана қоймай, жаңа өндіріс орнын ашуға ықпал етіп отыр.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өз Жолдауында агроөнеркәсіп кешенін жаңғырту, ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау және терең өңдеу мәселелерін стратегиялық маңызы бар міндеттер ретінде айқындап берді.

Соған орай облысқа қарасты Сырдария ауданында «Қызылорда крахмал-сірне зауыты» жобасының бірінші кезеңі аясында жүгері кептіру және сақтау кешені іске қосылып отыр. Мұны егін шаруашылығын әртараптандыруға, жүгері егісінің көлемін арттыруға бағытталған маңызды бастама деп бағалауға болады.

Өздеріңізге белгілі, өңірдің экономикалық және экологиялық жағдайы Сырдария өзеніндегі су деңгейіне тікелей байланысты. Сондықтан егіс алқаптарын әртараптандыру және су ресурстарын тиімді пайдалану бүгінгі күннің басты талабына айналды.

Соған орай Президентіміздің суды көп қажет ететін дақылдар көлемін оңтайландыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес, биыл күріш 70 мың гектарға егілді. Соңғы үш жылда күріш егісінің көлемі 19 мың гектарға қысқарды.

Алдымызда өңірдің қалыптасқан егіншілік жүйесін заман талабына сай бейімдеу міндеті тұр. Мұндай жобалар осы бағыттағы жұмыстардың бастауына айналарына сенім зор», – деді кешеннің ашылу рәсімінде аймақ басшысы Мұрат Нәлқожаұлы.

Негізінен, жүгері тек азық-түлік қана емес, өнеркәсіпке қажетті әмбебап шикізат ретінде құнды. Яғни одан крахмал, сірне, глюкоза, мал азығы және басқа да өнімдер өндіруге болады. Сондықтан жүгері алқабының ұлғаюы ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу өнеркәсібінің дамуына да ықпал етері сөзсіз.

ӨҢІРДЕ ӨНДІРІС ӨРКЕН ЖАЙДЫ

Президент Жолдауында ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу маңызды міндеттің біріне айналып тұр. Осы тұрғыдан алғанда Сырдария ауданында жаңа кептіру және сақтау кешенінің іске қосылуын осы міндеттің ең маңызды бөлігі деп қарауға болады.

Жалпы, «Қызылорда крахмал-сірне зауыты» жобасының алғашқы кезеңі аясында ашылған кешен өңірдегі жүгері өндірісінің инфрақұрылымын қалыптастыруға ықпал етеді деп күтілуде. Яғни бұл егінші қауым үшін өнімді өткізумен қатар, оның сапасын жоғалтпай сақтауға мүмкіндігін арттырады. Демек, жаңа кешеннің тиімділігі оның жыл бойы үздіксіз жұмыс істеуімен, өнімді қабылдау мүмкіндігімен және сақтау сапасымен жоғары маңызға ие.

Бірінші кезекте мұның шаруалар үшін де маңызы зор. Өйткені жиналған өнімді сақтап, нарықтағы сұранысқа қарай сатуға мүмкіндіктері артып тұр. Ал өңдеуші кәсіпорын тұрақты шикізат қорымен қамтамасыз етілетін болады.

Негізінен, облыс орталығына іргелес қоныстанған Сырдария ауданының ауыл шаруашылығы саласында тың серпін бар. Бұл жайында аудан әкімінің орынбасары Ерлан Ахетовтен сұрап білдік.

«Биыл Сырдария ауданында 33 939 гектар жерге түрлі ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Оның ішінде негізгі дақыл саналатын күріш 18 541 гектар алқапқа егіліп, әр гектарынан орта есеппен 60 центнерден өнім алынды. Нәтижесінде, аудан бойынша 111,2 мың тонна күріш салысы жиналды. Сонымен қатар ауданның 20 мың тонна ақ күріші Әзербайжан, Моңғолия, Қырғызстан және Тәжікстан мемлекеттеріне экспортталды.

Ауыл шаруашылығындағы осындай нәтижелермен қатар, аудан экономикасын әртараптандыру және өнеркәсіп саласын дамыту бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Соның айқын көрінісі ретінде жалпы құны 40 млрд теңгені құрайтын «Қызылорда крахмал-сірне зауыты» жобасын айтуға болады. 2025–2029 жылдарға жоспарланған бұл инвестициялық жоба жүгеріні терең өңдеуге, одан крахмал мен сірне өндіруге бағытталған.

Қазір жобаның алғашқы кезеңі аясында тәулігіне 1 200 тонна жүгері кептіруге мүмкіндік беретін кешен мен 30 мың тонна өнім сақтауға арналған қойма құрылысы жүргізілуде. Кәсіпорынның іске қосылуы жаңа жұмыс орындарын ашуға, жүгері өндірісін дамытуға, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге және жергілікті шаруалардың өнім өткізу мүмкіндігін кеңейтуге жол ашады. Ең бастысы, бұл жоба ауданның өндірістік әлеуетін арттырып, экономиканың жаңа бағыттарын қалыптастыруға ықпал етеді», – дейді бізге Сырдария ауданы әкімінің орынбасары Ерлан Дәуітбекұлы.

Ең бастысы, өнімді кептіру және сақтау кешені үлкен өндірістің алғашқы бастауына айналып тұр. Ал жүгеріні терең өңдеу зауытының қуаты шикізаттың тұрақты жеткізілуімен және дайын өнімнің нарыққа шығуымен өлшенетіні мәлім.

Жалпы, Сыр өңіріндегі «Таң ЛТД» серіктестігі жүгеріні су үнемдеу технологиясымен өсіру тәжірибесін қолға алса, «Ақтөбе және К» шаруашылығы дәстүрлі суару тәсілін қолданады. Мұндай бастама әр технологияның экономикалық тиімділігін бағалауға мүмкіндікті арттырып тұр.

Бұған қоса, Жалағаш ауданында швейцариялық Harvest Agro компаниясының қатысуымен 21 мың гектарға жүгері мен соя егу жобасының басталуы өңірдің инвестициялық әлеуетін де көрсетеді.

ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ НЕНІ КӨРСЕТЕДІ?

Әлемдік аграрлық тәжірибеге көз салсақ, жүгері стратегиялық маңызы бар дақылдардың қатарына жатқызылады. Оның ішінде АҚШ, Қытай, Бразилия сияқты ірі өндіруші мемлекеттерде жүгері өндірісі егіншілік мақсатта ғана қолданылмайтыны байқалады. Оны көптеген мемлекет мал шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі, биотехнология және экспорттық сауданың маңызды буынына айналдырған.


Нақты тәжірибеге сүйенсек, ғаламторда АҚШ-та жүгері өндірісі жоғары технологиялы егіншілік жүйесімен ұштасқанын мәлімдейді. Ал Бразилия тәжірибесінде жүгеріні соямен алмастыра егу жүйесі кең таралған. Бұл топырақ құнарлылығын сақтауға, жерді тиімді пайдалануға және бірнеше өнім түрінен табыс табуға жағдай жасайтыны дәлелденген. Сол сияқты Қытайда жүгері мал азығы өндірісінің негізгі шикізаттарының бірі ретінде қарастырылатыны мәлім болды. Сонымен бірге оны терең өңдеу арқылы өнеркәсіпке қажетті өнімдер алуға басымдық беріледі екен. Мұндай әлемдік тәжірибелер арқылы жүгері өндірісінің тиімділігі егіс көлемімен өлшенбейтінін аңғаруға болады.

Кейінгі жылдары Сыр өңіріндегі аграрлық реформаның табысты болуы ең алдымен су ресурстарын тиімді пайдалануға байланысты екені мәлім. Соған орай өңірде егістікті әртараптандыру мен суарудың түрлі тәсілдерін қолданысқа енгізуге басымдық беріліп келеді. Соның негізінде Сыр шаруаларының жүгері егістігін дамыту бастамасын ауыл шаруашылығын әртараптандырудың нақты көрінісі десек қателеспейміз. Ал жүгері өндірісі осы бағыттағы маңызды міндеттің біріне айналып, аграрлық әртараптандырудың жаңа мүмкіндігіне жол ашып отыр.

17 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ

МҰҒАЛІМ МҰҢЫ: САБАҚТАН ТЫС САЛМАҚ

Әдетте мұғалімнен сапалы білім талап етеміз. Бірақ оның сол міндетті алаңсыз атқаруына мұрша беріп отырмыз ба? Себебі ұстаздың көп уақыты сабақтан бөлек есеп толтыруға, цифрлық платформаларға қайта-қайта ақпарат енгізуге, демалыс күндері ата-аналармен хат алмасуға, кәсіби қызметінен тыс әкімшілік тапсырмаларды орындауға кетеді. Сонда педагог негізгі жұмысына қашан көңіл бөледі? Президент Жолдауында айтылған мәселе қалай шешілмек?



Әлқисса, 2019 жылы «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданып, мұғалім құқығын кеңінен қорғауға жол ашылған. Оған дейін ұстаздар сайлау науқанына атсалысып, көше тазалауға, аулаларды абаттандыруға, әртүрлі есеп әзірлеуге көп тартылатын. 2019-2023 жылдары мұндай тәжірибеге біртіндеп тыйым салынды. Мұғалімнің жұмысына заңсыз араласып, ар-намысына тигендер әкімшілік айыппұл арқалайтын болды.

Алайда заң қабылданғанымен, мектептегі бюрократия түгел жойылған жоқ. Қағаз есептің орнын цифрлық есеп басты. Рас, бүгінде педагогтердің міндетті құжаттары 4-5 тармақпен ғана шектелген. Мәселен, пән мұғалімі күнтізбелік-тақырыптық жоспарды (КТЖ) электронды түрде жүргізеді. Ал қысқамерзімді сабақ жоспарын (ҚМЖ) өзіне ыңғайлы үлгімен толтыруға құқылы. Бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) мен тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) нәтижелері электронды журналға жазылады. Сынып жетекшісі тәрбие жұмысын жоспарлап, оқушылар мен ата-аналарға қатысты құжаттарды рәсімдейді.

Дегенмен мектеп басшылығының талабы онымен таусылмайды. Ұстаздан қосымша анықтамалар, үлгерім кестелері сияқты қисапсыз есептер сұралады. Яғни құзырлы министрлік ресми құжаттар тізімін азайтса да, мектеп ішінде бейресми бюрократия сақталған. Заңда көрсетілмеген талаптар қалыпты жұмыс тәртібіне айналған. Қазір мектептерде ҰБДҚ, Kundelik, BilimClass, edus.kz, E-portfolio, «Педагог» платформалары қатар қолданылады. Бірі мектеп пен оқушы туралы статистика жинаса, екіншісі балалардың бағасын, сабақ тақырыбын, үй тапсырмасын тіркейді. E-portfolio, «Педагог» жүйелері мұғалімдерді аттестаттауға арналған. Бұған E-Otinish сияқты мемлекеттік мониторинг платформаларын қосыңыз.

Мәселе тек жүйелердің көптігінде емес, өзара байланысының әлсіздігінде. Сынып жетекшісі оқушының жеке деректерін, ата-анасының жұмыс орны, әлеуметтік жағдайын әуелі Kundelik немесе BilimClass-қа енгізеді, кейін ҰБДҚ-ға қайта көшіреді. Арасында аудандық білім бөлімінің Google Forms сауалнамасын толтырып, Excel кестесіне мәлімет жазуы мүмкін. Цифрлық жүйелердің өзі үнемі тұрақты жұмыс істемейді. Платформа баяуласа, сервер бұзылса немесе интернет нашарласа, мұғалім жұмысын уақытында аяқтай алмайды. Сондықтан үйіне барған соң да компьютерге телміріп отыруға мәжбүр. Кейбір өңірде ұстаздар мен ата-аналардың жүйеге кіру белсенділігі бақыланып, рейтинг түзіледі. Кейде платформаға әдейі кіріп, көрсеткішті қолдан көтеру де мұғалімдерге тапсырылады. Мұның бәрі «Педагог мәртебесі туралы» заңның 6-бабына қайшы. Соған қарамастан, ұстаздарды халық санағына қатысуға, әскери есептегі азаматтардың тізімін нақтылауға, сайлаушыларды тексеру үшін үй-үйді аралауға жұмсайтын жайттар бар. Сондай-ақ жергілікті әкімдіктің әлеуметтік желідегі парақшаларына жазылу, посттарға лайк басу, пікір қалдыру, скриншот арқылы есеп беру талап етілетін кездер бар. Демалыс күндері концерт, форум, спорт жарыстарына көрермен жинауға да сол баяғы мұғалімдер жегіледі.

Педагог мәртебесінің тағы бір өлшемі – қауіпсіздік. Қоғамда мұғалімді балағаттау, мазақтау, ұрып-соғу секілді келеңсіз құбылыстар кездеседі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында осы мәселеге ерекше тоқталып: «Кез келген жағдайға отбасы да, оқушы да, ұстаз да, мектеп те – бәрі де бірдей жауапкершілікпен қарауы керек», – деді.

Жалпы, әлеуметтік желіде оқушылардың мұғалімді жәбірлегені жайлы жаңалықтар көп шығады. Бірақ ІІМ және Оқу-ағарту министрлігі бұл жөнінде бірыңғай статистика жариялаған емес. Ондай оқиғалар негізінен ұсақ бұзақылық яки денсаулыққа жеңіл зиян келтіру тәрізді жалпы құқықбұзушылықтар есебінде тіркеледі. Нақты статистика болмағандықтан, мәселенің ауқымын да, оған қарсы шаралардың нәтижесін де бағалау қиын.

OECD ұйымының TALIS зерттеуінде Қазақстанда ұстаздарды қорлау көрсеткіші әлемдік орташа деңгейден төмен делінген. Алайда мұны проблема жоқ деген белгі деп қабылдау – түбірімен қате. Өйткені мұғалімдер түрлі себеппен ол туралы айтудан бас тартып жатады.

2023-2025 жылдары Астана, Алматы қалаларында, Ақтөбе, Түркістан облыстарында жоғары сынып оқушыларының ұстазға қол көтергені, дөрекі сөйлеп, сыныптан қуғаны таспаланған видеолар тарады. Ең сорақысы, сол жағдайларда мектеп әкімшілігі мәселені алдымен өз ішінде шешуге тырысқан. Тек қоғам назары ауғаннан кейін ғана іске полиция араласып, ата-аналарға айыппұл салынған.

Мұғалім мен ата-ананың жанжалы көбіне баланың бағасына, тәртібіне немесе сабақ үстінде телефон ұстауына байланысты туындайды. Әлбетте, ата-ананың баласы үшін алаңдауы орынды. Бірақ мәселені педагогке қысым көрсетіп шешуге болмайды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес, мұғалім кәсіби міндетін атқарып жүргенде оны балағаттаған, қорлаған немесе әдепсіз мінез-құлық танытқан адамға 30 АЕК мөлшерінде айыппұл белгіленген. Құқықбұзушылық бір жылда қайталанса, айыппұл 40 АЕК-ке дейін өседі немесе бес тәулікке дейін әкімшілік қамау жазасы қолданылады. Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің дерегінше, 2023-2025 жылдары осы бап бойынша ондаған ата-ана жауапқа тартылған.

Демек, заңда гәп жоқ. Гәп – ұстаздардың осы заң тетіктерін еркін пайдаланбауында. Мектеп басшылығы көп ретте ата-ананың министрлікке, әкімдікке не прокуратураға шағымдануынан қорқып, мұғалімге түсініктеме жаздырады, тіпті кешірім сұратады.

Оқушының сабақтан тыс уақытта жасаған әрекеті үшін педагогтің жазықсыз жапа шегуі – өз алдына бөлек әңгіме. Демалыс күндері немесе жазғы каникул кезінде бала заң бұзса не жазатайым жаланса, сынып жетекшісіне, мектеп әкімшілігіне сөгіс берілетін жағдайлар бар. Алайда заң бойынша мұғалім баланың өмірі мен денсаулығына оқу-тәрбие процесі кезінде ғана жауапты. Керек десеңіз, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекстің 70-бабында баланы тәрбиелеуге, оқытуға, оның мінез-құлқына ата-ана жауапты екені тасқа басқандай таңбаланған. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 127-бабында ата-аналық міндетін орындамаған азаматтарға 10-20 АЕК көлемінде айыппұл бекітілген. Құқықбұзушылық қайталанса, айыппұл 15-30 АЕК-ке дейін ұлғаяды, тағысын тағылар.

Әгәрәки 14-16 жасқа толмаған оқушы мұғалімді тілдесе немесе оның денсаулығына зиян тигізсе, әкімшілік айыппұлды ата-анасы төлейді. Ал Қылмыстық кодексте ауыр және аса ауыр қылмыстардың кейбіріне жауапкершілік 14 жастан, басқа қылмыстарға 16 жастан басталады.

Мұғалімнің де жауапкершілігі бастан асады. «Педагог мәртебесі туралы» заңның 6 және 15-баптарына сәйкес, ол кәсіби әдепті сақтауға, оқушының ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, сабақ барысында қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Оқушыны ұрғаны немесе балағаттағаны анықталса, педагог жұмыстан босатылып, Әкімшілік не Қылмыстық кодекске сай жазалануы ықтимал. Мектеп директоры да қауіпсіз орта қалыптастыруға жауапты. Педагог құқығы бұзылғанда шара қолданбауға, оқиғаны жасыруға басшылықтың қақысы жоқ.

Айтпақшы, ұстаздар мектептегі Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңеске жүгінуге құқылы. Бірақ кеңес директордан толық тәуелсіз емес. Әсіресе мәселе басшының өзіне қатысты болса, бейтарап шешім шығару қиямет-қайым. Мұндайда педагог Оқу-ағарту министрлігіне E-Otinish-пен шағымдана алады. Алда-жалда күш көрсету, бопсалау немесе қорлауға ұшыраса, полицияға хабарлап, прокуратураға арызданы тетігі бар.

Енді бір сәт әлемдік тәжірибеге үңілейік. АҚШ пен Ұлыбританияда мұғалімге қол көтеру, қоқан-лоқы жасау ауыр құқықбұзушылық санатына жатқызылады. Тәртіп бұзған оқушы сабақтан уақытша шеттетіледі немесе мектептен шығарылады, ата-анасының мойнына қомақты айыппұл жүктеледі. АҚШ-тағы NEA, Ұлыбританиядағы NEU кәсіподақтары ұстаз құқығы қорғалмаса, мектеп әкімшілігіне қарсы сотқа шағымданып, ереуіл жариялауға дейін барады. Оңтүстік Кореяда 2023 жылы «Мұғалім құқықтарын қорғау туралы» заңдар пакеті қабылданған. Содан бері ата-аналар педагогтің жеке телефонына қоңырау шала алмайды, өтініштерін мектептің ресми арнасымен ғана жолдайды. Жайдан-жай шағым түсіргендерге де қатаң жаза дайындалған. Біздегі ұстаздар WhatsApp топтарында тәулік бойы ата-аналардың хат-хабарын амалсыз аңдып отыратынын ескерсек, бұл тәжірибеден үйренеріміз көп.

Осы орайда мұғалімнің психологиялық саулығы да – маңызды мәселе. Сабақ түсіндіру, дәптер тексеру – ұстаз жұмысының бір бөлігі ғана. Ол күнде әртүрлі баламен тіл табысып, әртүрлі ата-анамен сөйлесіп, өз эмоциясын ылғи тұншықтыруға мәжбүр. Жағымсыз жағдай ұзаққа созылса, кәсіби қажу синдромына әкеп соғады. OECD-нің TALIS зерттеуінде қазақстандық педагогтердің шамамен 15-20 пайызы жұмыста қатты күйзеліске түсетіні айтылған. Бұл көрсеткіш OECD елдерінің орташа деңгейіне жақын. Әйткенмен біздің мұғалімдер стрестің негізгі себептері ретінде әкімшілік есептілік, негізсіз тексеру, ата-аналардың шағымдарына жауап беру сияқты факторларды атаған. Яғни ұстазды сабақтан бөлек қосымша міндеттер шаршатады екен.

Мысалы, Назарбаев университеті Жоғары білім беру мектебінің 2020-2024 жылдардағы зерттеуінде Маслачтың кәсіби қажу сауалнамасы жүргізілген. Сонда респонденттердің 30-40 пайызында эмоциялық сарқылудың орташа және жоғары деңгейі байқалған. Бұл еңбек өтілі 10-15 жылдан асқан педагогтерде жиірек кездескен.

Әрине мұғалімнің мұң-зары түсінікті. Кешке әкімшіліктен тапсырма келсе, демалыста ата-аналар хабарласа, WhatsApp тобында да болмашы мәселелер талқыланса, бұған тексерістер, ашық сабақтар, БЖБ мен ТЖБ қорытындылары, ата-аналардың шағымдары қосылса, ол қажымай кім қажысын! Күнде 25-35 оқушымен жұмыс істеп, әрқайсысына көңіл бөлу де оңай емес. Психологтар бұл құбылысты «эмоциялық еңбек» (emotional labor) деген терминге телиді. Мұғалім сырт көзге сабырлы көрінгенімен, ішкі күйзелісін үнемі тұмшалап ұстайды. Соның кесірінен уақыт өткен сайын оқушыларға, әріптестеріне, жұмысқа деген қызығушылығы төмендеуі мүмкін.

Facebook желісіндегі Ustaz және «Қазақстан мұғалімдері» секілді ірі пабликтерді оқысақ, педагогтердің мамандық ауыстыруды немесе жекеменшік репетиторлық жұмысқа көшуді көп ойлайтынын аңғарамыз. Себебі оқу орталықтарында мұғалім негізінен пән үйретумен айналысып, әкімшілік есептен құтылады. Мұндай үрдіс мемлекеттік мектептердің кәсіби кадрлардан айырылу қаупін күшейтеді.

Тіл-көзіміз тасқа, кейінгі жеті жыл бедерінде Қазақстанда 1,1 миллион оқушыға арналған 1 342 мектеп салыныпты. Бірақ осынау білім ошақтары ұлағатты ұстаздарымен ғана құнды. Ендеше мұғалім мәртебесін сылдыр сөзбен емес, оған лайықты жағдай жасаумен дәлелдейтін уақыт жетті.

Педагог мәртебесінің тағы бір өлшемі – қауіпсіздік. Қоғамда мұғалімді балағаттау, мазақтау, ұрып-соғу секілді келеңсіз құбылыстар кездеседі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында осы мәселеге ерекше тоқталып: «Кез келген жағдайға отбасы да, оқушы да, ұстаз да, мектеп те – бәрі де бірдей жауапкершілікпен қарауы керек», – деді.

Айдар ДӘУІТҰЛЫ

ӘЛІМЖЕТТІК ӘЛ БЕРМЕЙ ТҰР

Жамбыл облысы Байзақ ауданындағы мектеп оқушысының қазасы дүйім жұртты дүр сілкіндірді. Ай-күннің аманында өрімдей баланың өмірі қиылып, тұтас бір отбасы қара жамылды. Ботамойнақ ауылының тұрғыны Ерсейіт Миятбектің денесін әкесі ауылдағы спорт алаңының маңынан тапқан. Қазір күдікті ретінде 11-сынып оқушысы қамауға алынып, тергеу амалдары жүргізіліп жатыр. Дегенмен бұл мәселенің ауқымын бір оқиғамен өлшеуге келмейтіндей.



Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Ресми мәліметке сүйенсек, жұма күні түнгі сағат 22.00 шамасында жасөспірімдер арасында жанжал туып, нәтижесінде 2011 жылы туған Ерсейіт кеудесіне тиген соққыдан көз жұмған.

– Бұл қылмыстық іске қатысты күдікті ретінде танылған азамат қамауға алынды. «Біреудің денсаулығына қасақана зиян келтіріп, адам өмірін қию» бабы бойынша қазір қылмыстық іс қозғалды. Барлық жағдай құзырлы органдар тарапынан жан-жақты зерделенуде, – дейді облыстық Білім басқармасының басшысы Нұрбек Оршыбеков.

Ал марқұмның әкесі Ертай Қонысбаев ұлы мен достарын жинап алып, үлкен сыныптың оқушылары соққыға жыққанын айтады.

– Баламды достарымен жинап алып, бәрін ұрған. Ең соңында менің балам тұрған. Балам телефон қарап тұрған екен. Өзі арық, ұзын бойлы, жіңішке бала болатын. Көкірегінен ұрған кезде шалқасынан құлаған. Бұлар талып қалды ма деп көршінің үйінен су алып келіп, су шашқан. Отырғызған, тұрғызған. Балам оянбаған. Сөйтіп, жарыққа шығарған да, «стадионда құлап қалды» деп жедел жәрдем шақырып, қашып кеткен, – дейді.

Ерсейіттің әкесі оқиға орнына жеткенде баласының денесі әлі жылы болғанын, оны көтеріп, есін жиғызуға тырысқанын айтып отыр. Алайда келген жедел жәрдем қызметкерлері оның қайтыс болғанын хабарлаған.

Ауыл тұрғындарының сөзінше, балалар сол күні футбол алаңына жиналған. Қараңғы түскенде жоғары сынып оқушылары кішілерді жинап, кезекпен ұра бастаған. Осылайша, үлкен сыныптың оқушылары кіші балаларға күш көрсетіп, «тәрбиелемек» болған көрінеді.

Марқұмның анасы Айгүл Абзалиеваның айтуынша, ұлы момын, IT саласына ерекше қызыққан екен. Сол күні ана баласын футбол алаңына жібергісі келмепті.

– Ұлым сол күні үйде теледидар көріп отырған. Бір кезде футбол алаңына барып ойнап келуге сұранды. Мен жібергім келмегенімен, әкесінен рұқсат алып үйден шығып кетіпті. Соның артынша көп ұзамай баламның қазасын естідім. Маған баламды көрсетпеді. Қайғылы оқиғадан кейін ауыл ақсақалдары үйге жиналып, күдікті баланың ата-анасы кешірім сұрады. Негізі ауыл ақсақалдары бұрыннан осылай жүріп, жастарға бас-көз болса, мұндай болмас па еді?! Ауыл ақсақалдары үйіме келіп кешірім сұрағанша, ауыл жастарының тәрбиесіне көңіл бөлсе дұрыс болар еді, – дейді жүрегі қан жылаған ана.

Марқұмның ата-анасы қамауға алынған жасөспірімді жақсы таниды. Оның мінез-құлқын оң бағалап отыр. Сондықтан Ерсейіттің ата-анасы кешірім беруге дайын.

– Мен күдікті баланы аяп отырмын. Көрші тұрамыз. Әке-шешесін де жақсы танимын. Сондықтан кешірім беруге дайынбыз, – дейді Айгүл Абзалиева.

Иә, ана жүрек баласынан айырылса да ұлына қастандық жасады деген баланы да аяп отыр.

Жалпы, кейінгі жылдары неге осындай оқиғалар жиілеп кетті? Мұндай жағдайлардың қалай алдын аламыз? Ардагер ұстаз Есенкүл Қохаеваның айтуынша, баланы балабақшадан бастап тәрбиелеу керек.

– Негізі қазір кез келген баланың мінез-құлқы балабақшадан байқалады. Егер бала бөбекжайда ашуланшақ, шатақ мінезді болса, ол сол мінезді мектепке алып келеді. Содан ол бала балабақшада істегенін мектепте де істейді. Әр бала бір үйдің еркесі болғаннан кейін қазір балабақшадағы тәрбиешілер оған сөйлей алмайды. Бұзықтығын көріп тұрса да еш ескерту жасамайды. Ата-анасына да айтпайды. Үйде баланың бұзықтығын анасы әкесінен жасырады. Содан барып біз мектепке бұзық, өз айтқанын істететін баланы тәрбиелеп апарамыз. Ол балабақшадан көргенін енді мектептегі сыныптастарына істейді. Қазір балаға «ой, әлі бала ғой» деп қарауға болмайды. Әр баланы балабақшадан бастап тәрбиелеу керек. 2 жасар баладан агрессивтік мінез-құлықты байқадың ба, оны бірден тиісті мамандарға көрсету керек. Сонда ғана біз әдепті, тәрбиеге көнетін баланы тәрбиелеп шығарамыз, – дейді ардагер ұстаз.

Ал талай жылғы өмірін білім саласына арнаған Айман Садыққызының айтуынша, бар мәселе мектеп әкімшілігінде екен.

– Қазір мектеп басшылығы бұзық баланың ата-анасын жиынға салмақ түгілі оқушының теріс қылықтарын жасырады. Мектеп директоры да, ұстаздар да «оқу орнының атына нұқсан келеді» деп оқушылардың бұзақылық әрекеттерін жасырумен әлек. Ал бұзықтығы жазасыз қалған бала одан әрі күшейе түседі. Оның арты Байзақ ауданындағыдай қайғылы оқиғаға апаруда. «Ауруын жасырғанды өлім әшкерелейді» дейді дана қазақ. Сондықтан жастардың бұзақылығын жасырмай, дер кезінде қолға алса, орны толмас қайғылы оқиғалар болмас еді, – дейді Айман Садыққызы.

Ал облыстық Полиция департаментінің баспасөз хатшысы Гүлсара Мұхтарқұлованың айтуынша, Байзақтағы қылмыстық іс департамент басшысының тікелей бақылауында. Тергеу амалдары жүріп жатуына байланысты басқа ақпарат айтылмайды. Десе де, облыстық прокуратура облыс көлемінде тексеру жұмыстарын жүргізіп, мектеп қабырғасында «система» деп аталатын бейресми құрылым әлі де әрекет ететінін хабарлады.

– Зерделеу барысында ауыл мектептерінің оқушылары арасында өзіндік иерархиясы, мінез-құлық және бағыну қағидалары, сондай-ақ жазалау тәртібі бар «система» деп аталатын бейресми құрылым әрекет еткені анықталды, – деп жазылған хабарламада.

Прокуратураның тексерісі мен алаңдауы орынды. Себебі өткен жылы дәл осы Байзақ ауданындағы әжетханада мектеп оқушысы кеудесінен алған соққыдан көз жұмған еді. Сол кезде де үлкен сыныптың оқушыларының әлімжеттігі туралы айтылған. Тіпті мектептерде «старшак», «смотрящий», «положенец» сынды билік үстемдігін құратын құрылымдардың әрекет ететіні көтерілген. Алайда Байзақтағы мектеп оқушысының сол қазасы жауаптыларға сабақ болмаған секілді. Себебі араға жыл салмай жатып тағы бір мектеп оқушысы әлімжеттіктен көз жұмып отыр. Демек, бұл Байзақ қана емес, тұтас Жамбыл облысының білім саласының кем тұсын көрсетіп отыр. Сондықтан Білім басқармасы, аудандық білім бөлімі, мектеп басшылығы құзырлы орган өкілдерімен бірлесіп, мектептердегі әлімжеттіктің алдын алғаны жөн. Әйтпесе, ай-күннің аманында ел ертеңі саналған жастарымыз қаза тауып, бармақ тістей беруіміз мүмкін.

АЙМАҚ

17 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ

Шымкентте алғаш рет бүлдіршіндер мен ата-аналарды ортақ шығармашылыққа біріктірген отбасылық робототехника жарысы өтті. «РобоШаңырақ» деп аталған бұл бастама заманауи технологияны меңгертумен қатар, отбасындағы өзара қолдау, бірлік пен ынтымақтастық құндылықтарын дәріптеуге бағытталды.

«РОБОШАҢЫРАҚТА» БАС ҚОСТЫ



Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Қоғамның берік негізі – отбасы. Бала тәрбиесі, оның дүниетанымы мен азаматтық ұстанымының қалыптасуы ең алдымен отбасындағы қарым-қатынасқа, ата-ананың өнегесі мен балаға бөлген уақытына байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, ата-ана мен баланы ортақ мақсатқа жұмылдыратын, бірге ізденіп, бірге үйренуге мүмкіндік беретін бастамалардың маңызы зор. Шымкентте RoboPark робототехника мектебінің ұйымдастыруымен өткен алғашқы «РобоШаңырақ» отбасылық жарысы осы бағыттағы мазмұнды жобалардың бірі болды. Сайысқа 3-5 жас аралығындағы бүлдіршіндер мен олардың ата-аналарынан құралған 30 команда қатысты. Қатысушылар LEGO WeDo 2.0 конструкторының көмегімен робот құрастырып, оған бағдарлама жасап, өз жобаларын көпшілік назарына ұсынды.

Жарыстың ерекшелігі мұнда баланың ғана емес, ата-ананың да белсенділігі маңызды болды. Әкелер мен аналар бүлдіршіндеріне бағыт-бағдар беріп, тапсырмаларды бірге орындады. Бірі роботтың құрылымын құрастыруға көмектессе, енді бірі бағдарламалау мен жобаны таныстыруға атсалысты. Осылайша, технологиялық сайыс отбасылық қарым-қатынасты нығайтатын ортақ шығармашылық алаңға айналды.

Жарыс қорытындысында 30 команданың барлығына I орын беріліп, әр бала бірдей медальмен марапатталды. Бұл шешімнің де өзіндік тәрбиелік астары бар. Ұйымдастырушылар жеңімпаз бен жеңілгенді бөліп-жарудан гөрі, әр баланың талпынысын, белсенділігін және ата-анасымен бірге атқарған еңбегін бағалауды көздеген. Нәтижесінде, жарыс бәсекеден бұрын ынтымақтастық пен ортақ жетістіктің мерекесіне айналды.

Мемлекет саясатының маңызды бағытының бірі – отбасылық институтты нығайту, ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікті арттыру және балаға қолайлы орта қалыптастыру. Бұл міндеттер тек әлеуметтік қолдау шараларымен шектелмей, қоғамда ата-ана мен бала арасындағы байланысты күшейтетін осындай мазмұнды жобалар арқылы да жүзеге асуға тиіс.

Ең маңыздысы – ата-ана мен баланың бір мақсатқа жұмылып, бірге ізденіп, бірге қуана білуі. Өйткені технологиялық тұрғыдан дамыған қоғамның да берік іргетасы – тәрбиелі ұрпақ пен ынтымағы жарасқан отбасы.

ЕСКІ КӘРІЗГЕ – ЖАҢА ҚҰЖАТ

Атырауда орталықтандырылған кәріз жүйесін дамытуға арналған жаңа жол картасы бекітілді. Құжатқа сәйкес, 2027 жылдан бастап бірнеше шағынауданда кәріз желілерінің құрылысы басталып, алдағы жылдары қаланың бірқатар аумағы инженерлік инфрақұрылыммен қамтылмақ. Осыдан екі жыл бұрын Атырау облысында болған су тасқыны кезінде облыс орталығындағы «Жұлдыз», «Мирас», «Химзавод» және басқа да аумақтарда жерасты суының көтерілуі, аулаларды су басу, тұрғын үйлердің іргетасына зақым келу, үйдің құлауы сияқты мәселелерді көзбен көрген болатынбыз. Жерасты суларының көтерілуі, оған көктемгі тасқынның қосылуы салдарынан зардап шеккен тұрғындар аз болмады. Енді жаңа бағдарлама осы проблеманы болдырмауға атсалыса ала ма?

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы



ШАҺАРДЫҢ БАСЫМ БӨЛІГІНДЕ ЖҮЙЕ ЖОҚ

Қаладағы кәріз инфрақұрылымының жағдайы көптен бері тұрғындарды алаңдатып келеді. Бұған дейінгі ресми мәліметке сәйкес, Атырау қаласының 80 пайызы орталықтандырылған кәріз жүйесіне қосылмаған. Олардың көпшілігі қала маңындағы шағын ауылдар. Орталық кәріз желісінің болмауы тек тұрмыстық қолайсыздық туғызып отырған жоқ. Жаңбыр жауып, қар еріген кезде жерасты суының деңгейі көтеріліп, кей жерлерде жер бетіне шығады. Салдарынан аулалар суға толып, үйлердің іргетасы отырады, қабырғаларда жарық пайда болады. Бұл бір маусымда ғана байқалатын құбылыс емес. Кейбір тұрғындар мұндай жағдаймен бірнеше жылдан бері күресіп келеді.

Жерасты суы мен су бұру инфрақұрылымына қатысты мәселе «Химзавод» аумағы үшін де маңызды. Көктемгі жауын-шашын мен су тасқыны кезеңінде бұл аумақта да тұрғындар су жиналуына байланысты қиындықтарға тап болып келеді. Сондықтан «Химзавод» шағынауданының 2028 жылға жоспарланған кәріз құрылысы тізіміне енгізілуі – жергілікті халық үшін маңызды жаңалық. Дегенмен мұнда бір жайтты ескеру қажет, кәріз жүйесі мен дренаждың атқаратын қызметі екі бөлек. Кәріз құбырлары тұрмыстық ағын суды әкетсе, дренаж жүйесі жерасты суының деңгейін реттеуге арналған. Ал нәсерлік су бұру желілері жауын-шашыннан кейін жиналған суды әкетеді. Демек, «Химпоселокте» тек кәріз құбырларын тарту тұрғындарды су басу қаупінен толық қорғайды деуге болмайды.

Облыс әкімдігі Атырау қаласының су бұру жүйесін дамытуға арналған жол картасын бекітті. Сонымен қатар облыс әкімінің орынбасары жетекшілік ететін арнайы жұмыс тобы құрылды. Бұл мәселе облыс әкімі Болат Ақшолақовтың төрағалығымен өткен жұмыс кеңесінде талқыланды.

«Атырау облысы Су Арнасы» КМК басшысы Мейірім Қалауидің мәліметінше, бағдарламаның алғашқы кезеңінде 2027 жылы жеті жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

– Жаңа кәріз желілері «Мирас», «Геолог», «Жұлдыз» және «Береке» шағынауандарында, сондай-ақ Еркінқала ауылдық округі бағытында салынады. 2028 жылы құрылыс жұмыстары «Балауса», «Нұрсая», «Лесхоз» шағынауандарын, «Ет комбинаты», «Құрсай», «Химзавод» және «Көкарна» аумақтарын қамтиды. Кейінгі кезеңдерде «Мұнайшы», СМП-136, СМП-163 шағынаудандары, Талғайран ауылының бағыты және «Ерік Мостовой» арнасының бойында су бұру инфрақұрылымын дамыту көзделген. Бұдан бөлек, қолданыстағы кәріз-сорғы стансаларын жаңғырту жоспарланып отыр, – деді Мейірім Қалауи.

ЖОСПАРҒА ҚОСЫМША ҚАРЖЫ КЕРЕК

Жол картасында дренаж жүйесін дамытуға және жерасты суының деңгейін реттеуге де басымдық берілген. Облыс әкімі Болат Ақшолақов мамандарға гидрогеологтармен бірлесіп, архивтік мәліметтерді зерделеуді және Астананың дренаж жүйесін салу мен пайдалану тәжірибесін зерттеуді тапсырды. Мұндағы мақсат – тиімді техникалық шешімдерді Атыраудың табиғи және геологиялық ерекшеліктеріне бейімдеу.

Бұрын белгілі гидрогеолог Едіге Сабуров тасқын кезінде берген сұхбаттарының бірінде Атырау қаласы мен оған жақын елді мекендердегі жерасты суының тұздылығы жоғары екенін айтқан еді. Сондықтан маман суды жай ғана сорып шығару мәселені түбегейлі шешпейтінін, жерасты суының көтерілу себептері анықталып, оның деңгейін реттеудің ғылыми негізделген тәсілі таңдалуы қажет екенін айтып кеткен еді.

Облыс басшылығы кәріз жүйесін дамытуға арналған бесжылдық мерзімнің тым ұзаққа созылуы мүмкін екенін де ескеріп отыр. Сондықтан жобаларды жеделдету үшін қосымша қаржы көздерін қарастыруда. Атап айтқанда, Болат Ақшолақов жұмысшы топқа мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жеке инвесторларды тарту және халықаралық даму институттарынан ұзақмерзімді қаржыландыру мүмкіндіктерін пайдалануды ұсынды. Сонымен бірге қаладағы кәріз желілері мен құдықтарды толық түгендеу көзделіп отыр. Мамандар олардың орналасқан жерін, техникалық параметрлері мен қазіргі жағдайын анықтап, бірыңғай дерекқор қалыптастырмақ. Облыс әкімі Болат Ақшолақов орталықтандырылған су бұру жүйесін дамытуға қатысты қажетті шешімдер қабылданғанын айтып, жобалық құжаттаманы әзірлеуді жеделдетуді және жауапты мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіруді тапсырды.

Қалай алғанда да, Атырау үшін кәріз жүйесін дамыту – жай ғана коммуналдық жобаның бірі емес, тұрғындардың қауіпсіздігіне, баспанасының сақталуына және қаланың болашақ дамуына тікелей әсер ететін мәселе. Ендігі кезекте бесжылдық жоспардың қағаз жүзінде қалмай, тұрғындар күткен нақты нәтижеге айналуы маңызды.

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ

ТРАНЗИТТІҢ ТАМЫРЫНА ҚАН ЖҮГІРМЕК

Көкшетау мен Қызылжарды жалғайтын 200 шақырымдық күрежолдың маңызы орасан. Дегенмен күніне мыңдаған көлік, ауыр жүк машиналары үздіксіз ағылатын халықаралық бағыттағы жолдың бүгінгі жағдайы күрделі болып тұр. Өйткені қарсы беттен келе жатқан көлікпен бетпе-бет қалу қаупі жоғары. Басып озамын деп басын бәйгеге тіккен жүргізушілердің талайы осы сүрлеуде жол апатына түсті. Енді осы бағыт төртжолақты үлкен жолға айналмақ. Жолдауда Мемлекет басшысымен нақты тапсырма берілуі теріскей жұртшылығын түгел қуантты.



Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

ЖОЛ АЗАБЫН ЖҮРГЕН БІЛЕР

Қос қаланың арасындағы бағыттың ұзындығы – шамамен 200 шақырым. Оның 160 шақырымы Солтүстік Қазақстан облысының аумағымен өтеді. Ресми деректерге сенсек, көлік ағынының 60 пайыздан астамын транзиттік көліктер құрайды. Әсіресе ауыр жүк машиналарының үлесі айтарлықтай басым. Елді кейінгі жылдары жол-көлік оқиғаларының статистикасы аса қатты алаңдатып тұр. Полиция таратқан мәліметтерге сүйенсек, тек жыл басынан бері ғана осы учаскеде оннан астам жол-көлік оқиғасы тіркелген. Салдарынан 15 адам қаза тауып, тағы 36 адам түрлі деңгейде жарақат алған.

Қайғылы оқиғалардың бірі 2026 жылғы 15 қазанда Кременчуг ауылы маңында болды. Күрежолдың бойында үш жеңіл автокөлік пен екі КамАЗ соқтығысып, үш адам көз жұмды. Қаза тапқандардың арасында балабақша директоры мен екі тәрбиеші болғаны хабарланды. Тағы екі адам жарақат алды. Одан бұрын, 15 шілдеде Астраханка ауылы маңында Mazda мен Toyota Estima соқтығысып, сегіз адам ауруханаға жеткізілген. Олардың бесеуі – балалар. Бірінен кейін бірі тіркелген осындай қайғылы оқиғалар тасжолдың қауіпсіздігі туралы мәселені қайта-қайта күн тәртібіне шығарды. Әрине, жол апатының барлығын тек жолдың тарлығымен байланыстыруға болмайды. Жүргізушінің жылдамдықты асыруы, қарсы жолаққа шығуы, шаршауы, көлік арақашықтығын сақтамауы да апатқа себеп. Бірақ инфрақұрылымдағы кемшіліктер осындай адами қателіктердің зардабын одан сайын ауырлатып жатады. Сондықтан мәселенің бір ұшы жол мәдениетінде болса, екінші ұшы жолдың өзінде болып тұр.

Жолдың шынайы жағдайын кабинетте отырып емес, күн сайын сол бағытпен қатынайтын адамдар жақсы біледі. Әсіресе жүк көліктерінің жүргізушілері жолдағы қиындықтан қажығандарын айтады. Мәселен, Жандос Сәрсенбеков Қытайдан Еуропаға, соның ішінде Беларуссияға дейін жүк жеткізумен айналысады.

– Бұл бағыт – іс жүзінде негізгі тасымал жолы. Балама бағыт жоқ десем де болады. Жеңіл көліктер мен ауыр жүк машиналары біржолақты бөлісуге мәжбүр. Жеңіл көліктерге басып озуға мүмкіндік жоқтың-қасы. Сондықтан трассаны кеңейту қажеттігі жылдар бойы қордаланған аса өзекті мәселе, – дейді Жандос Сәрсенбеков.

Жеңіл көлік тізгіндеген такси жүргізушісі Болат Жәкенов жолдың тарлығын ғана емес, кейбір бөліктеріндегі ой-шұңқырлардың да болуы қиындық келтіретінін айтады.

Жол бойындағы асфальттың кей тұстарындағы ой-шұңқырлар көліктердің жүрісіне кедергі келтіреді. Оның үстіне, жүк көліктері көбіне төрт-бес көліктен топтасып жүреді. Жеңіл автокөліктердің бір-бірін басып озуға тырысуы, сөйтіп қарсы жолаққа шығып кетуі қауіпті жағдайларды жиі туғызады. Міне, содан жиі жол апаттары болады, – дейді Болат Жәкенов.

Жүргізушілер мұнымен қоса жол бойында демалатын тұрақтар аздығын, инфрақұрылым дамымағанын, басып озуға мүмкіндік беретін қауіпсіз учаскелер аздығын, сондай-ақ түнгі уақытта жарықтың жеткіліксіздігін атады. Расында да, бірнеше сағат бойы рөлде отырған адамның демалатын орны, көлігін қауіпсіз тоқтататын алаңы, санитарлық жағдайы мен қажетті қызметтердің қажеттілігі анық.

ЖҰМЫС КЕЛЕР ЖЫЛЫ БАСТАЛАДЫ

Көкшетау – Петропавл тасжолының маңызын тек екі қаланың арасындағы қатынаспен шектеу мәселенің ауқымын тарылту болар еді. Өйткені, бұл трасса Қазақстанның солтүстігін елордамен, Ресеймен және одан әрі халықаралық көлік бағыттарымен байланыстыратын стратегиялық дәліздің маңызды бөлігі. Осы жол арқылы ауыл шаруашылығы өнімдері, азық-түлік, өндірістік тауарлар, өнеркәсіптік шикізат және басқа да жүктер тасымалданады. Қытайдан Ресей мен Еуропаға бағытталған жүк ағынының да осы бағыттағы қозғалысы бар.

Оның үстіне, елдің басты астықты аймақтары саналатын Солтүстік Қазақстан мен Ақмола облысы да ауыл шаруашылығы мен өңдеу өнеркәсібі дамыған аймақ. Қос өңірдің экономикалық байланысы жол инфрақұрылымының сапасына тікелей тәуелді. Бұл орайда аймақтағы танымал аграрлық шаруашылық иесі, кәсіпкер Геннадий Зенченко өңірдің Ресейдің Омбы, Түмен, Қорған облыстарымен шектесетінін, сүт өндірісі мен қайта өңдеу саласының дамып келе жатқанын айтқан. Оның сөзінше, өңірге сүт таситын көліктер де жиі қатынайды, ал қазіргі жолдың өткізу мүмкіндігі өсіп келе жатқан жүк ағынына толық жауап бере алмай отыр.

– Мұнда экономикалық мәселе де, уақыт мәселесі де бар. Жүк жолда неғұрлым ұзақ тұрса, тасымал шығыны соғұрлым өседі. Логистикалық кідіріс өнімнің өзіндік құнына, жеткізу кестесіне, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігіне елеулі әсер етеді. Сапалы жол тауардың уақытында жетуіне, кәсіпкердің шығынының азаюына әрі өңірге инвестиция тартылуына да мүмкіндік береді. Сондықтан төрт жолақты магистраль салу тек жүргізушілердің жайлылығын арттыру үшін ғана емес, солтүстік өңірлердің экономикалық әлеуетін кеңейту үшін де қажет, – дейді Геннадий Зенченко.

Көптің көкейіндегі ендігі ең маңызды сұрақ: «жол қашан кеңейтіледі?» – деген жалғыз сауал. «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясының Ақмола облыстық филиалының директоры Хамзат Сұлтановтың айтуынша, жоба бойынша екінші техникалық санаттағы жолды бірінші техникалық санатқа ауыстырып, төртжолақты ету көзделіп отыр.

– Жолдың ені шамамен 9 метрден 18 метрге дейін ұлғаяды. Бұл жай ғана жол жиегін кеңейту емес, қозғалыс ұйымдастыру жүйесін түбегейлі жаңартуға бағытталады. Жобаны іске асыру үшін алдымен жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, қажетті инженерлік зерттеулер жүргізіледі. Көпірлер, жолайрықтар, су өткізгіш құрылыстар сияқты нысандардың қажеттілігі де есептеледі, – дейді Хамзат Сұлтанов.

Солтүстік Қазақстан облысы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ерден Шортыбаев жолды кеңейту бойынша көлік министрлігімен бірге жоба-жоспарлар қаралып жатқанын атады.

– Қайта жаңартуға жоспарланған жолдың ұзындығы 165 шақырым. Оның 132 шақырымы Солтүстік Қазақстан облысының аумағында жатыр. Жобаның бенчмаркингтік зерттеуі жүргізіліп, бір шақырым жол құрылысының құнын айқындау жұмыстары қолға алынған. Сонымен қатар аталған учаске жан-жақты зерттеліп, көпірлер мен жол өткелдерін салуды, инженерлік-техникалық құрылыстар орнатуды, су өткізу құбырларын жүргізуді қажет ететін тұстар анықталды. Қазір бұл мәселелер Көлік министрлігімен бірлесіп пысықталуда. Жобаны іске асыруды 2027 жылдан бастау жоспарланып отыр, – дейді Ерден Шортыбаев.

Басқарма басшысының мәліметінше, Солтүстік Қазақстан облысы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы бойынша республикада екінші орында тұр. Өңірдегі жол желісінің жалпы ұзындығы 8 мың шақырымнан асады. Бүгінде оның 90 пайыздан астамы нормативтік талаптарға сәйкес келеді.

Жобаның нақты техникалық шешімдері, құны және құрылыс кестесі толық бекітілгеннен кейін ғана жұмыстың нақты ауқымы белгілі болмақ. Алдын ала жоспар бойынша, құрылыс жұмыстарын 2027 жылы бастау көзделіп отыр.

P.S.

Жолды кеңейту жайлылық үшін емес, адам өмірін сақтау үшін қажет. Төртжолақты тасжол теріскейдің экономикалық күретамырына айналып қана қоймай, талай отбасының көз жасына айналған қайғылы статистиканы тоқтатуға бағытталған нақты қадам болуға тиіс.

SPORT STYLE

17 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ

Хорватия астанасы Загребте 13-15 қараша аралығында дзюдодан Гран-при турнирі өтті. Алты құрлықтан 66 елдің 462 спортшысы қатысқан жарыс биылғы халықаралық күнтізбедегі ауқымды додалардың біріне айналды. Ерлер мен әйелдер жеті-жеті салмақ дәрежесі бойынша белдесті. Қатысушылар саны мен құрамының алуан түрлілігі әр салмақтағы бәсекенің деңгейін айқындай түсті.

ЗАГРЕБ ТАТАМИІНДЕГІ БӘСЕКЕ



Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Жарысқа 276 ер және 186 әйел спортшы қатысты. Осылайша, жалпы қатысушылардың шамамен 60 пайызы – ерлер, 40 пайызға жуығы – әйелдерден тұрды. Екі санаттағы спортшылар санының айырмасы – 90. Әйелдер де жеті салмақ дәрежесінде сынға түскенін ескерсек, бұл көрсеткіш дзюдодағы қатысу ауқымын бағалауға мүмкіндік береді. Загребтегі жарыс Қазақстан құрамасы үшін табысты аяқталды. Ұлттық құрама бір алтын және екі күміс медаль жеңіп алып, жалпыкомандалық есепте үшінші орынға тұрақтады. 66 келіге дейінгі салмақта Нұрқанат Серікбай чемпион атанса, Ғалия Тынбаева мен Аман Бақытжан финалға дейін жетіп, күміс жүлдегер болды.

Қазақстандық дзюдошылардың жеңісі жас спортшыларға да үлкен мақсаттарға ұмтылуға жол ашады. Отандық дзюдоның дамуын бағамдағанда, халықаралық турнирлердегі әрбір нәтиженің маңызы бар. Гран-при жарыстары спортшыларға әлемдік рейтингте ұпай жинап, тәжірибелі қарсыластармен белдесуге мүмкіндік береді. Мұндай бәсекеде жүлдеге қол жеткізу үшін сәтті мүмкіндікті мүлт жібермей, жарыс бойы бабын сақтап, әр қарсыласқа сай тактика құру қажет. Загребтегі турнир қазақстандық дзюдошылардың осы талаптарға дайын екенін көрсетті: ұлттық құрама бір алтын және екі күміс медальмен елге оралды.

ФИНАЛДЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ ТАРТЫСТЫ БЕЛДЕСУЛЕР

Әйелдер арасындағы 48 келіге дейінгі салмақ дәрежесінің финалында Қазақстан өкілі Ғалия Тынбаева Италия спортшысы Ассунта Скуттомен кездесті. Тынбаева белдесудің алғашқы сәтінен шабуылға шықты. Екі спортшы да жеңіске ұмтылғанымен, алғашқы ұпай Скуттоның италиялық спортшы қарсы шабуылға мүмкіндік тапты. Ол әдісті сәтті орындап, ваза-ари ұпайына қол жеткізді. Осы ұпайдан кейін Скутто басымдығын бекітіп, соңғы қоңырау соғылғанда алтын медальға ие болды. Ғалия Тынбаева күміс жүлдені қанағат тұтты.

Бірнеше жыл бұрын Ян Юн Вэй Токио Олимпиадасының күміс жүлдегері атанған. Содан бері ол шапшаңдығы мен қауіпті шабуылдарын сақтап, ірі жарыстарда жүлде алуға қабілетті екенін бірнеше рет дәлелдеді. Қарсыластары оның кез келген сәтте ұпай еншілей алатынын жақсы біледі. Загребте оған қарсы Қазақстан өкілі Аман Бақытжан белдесті. Финалдың басында-ақ Бақытжан тәжірибелі қарсыласына қысым көрсетіп,



Белдесудің орта тұсында Серікбай Лимаға жақындап, қолтық тұсынан ұстай алды. Осы сәтті тиімді пайдаланған қазақстандық дзюдошы қуатты сумі-гаэси әдісін қолданып, соңғы сәтке дейін қарсыласын бақылауда ұстады. Төреші иппон берді. Осылайша, Серікбай финалда жеңіске жетіп, тұғырдың ең биік сатысына көтерілді.



еншісіне кетті. Белдесу қайта жалғасқан сәтте Тынбаева италиялық қарсыласын әдіске түсіріп, юко ұпайын еншіледі. Осылайша есеп теңесті. Алайда соңғы минутқа қарай Скутто өзіне тән сәой-отоси әдісін қолданып, тағы бір юко ұпайын алды да, алға шықты. Тынбаева қарқынын үдете түскенімен, зейінді мен сенімділігін байқатты. Ол қуатты сәой-отоси әдісін орындап, Янға ваза-ари ұпайын бергізді. Алайда Ян саспады. Ол аса дәл орындалған ко-учи әдісімен жауап қайтарып, есепті теңестірді. Келесі кезеңде Ян ұстасу кезінде басымдықты өз қолына ала бастады. Ол Бақытжанның шабуылдарын табандылықпен күресті. Қарсыласының әдіс қоры мол болғаны қазақстандыққа қиындық тудыруы мүмкін еді. Соған қарамастан, ол алғашқы екі минутта қорғанысын сауатты құрып, өзі де шабуыл қарқынын бәсеңдетпеді.

Белдесудің орта тұсында Серікбай Лимаға жақындап, қолтық тұсынан ұстай алды. Осы сәтті тиімді пайдаланған қазақстандық дзюдошы қуатты сумі-гаэси әдісін қолданып, соңғы сәтке дейін қарсыласын бақылауда ұстады. Төреші иппон берді. Осылайша, Серікбай финалда жеңіске жетіп, тұғырдың ең биік сатысына көтерілді.

«Бұл – менің алғашқы Гран-при турнирім. Бүгін алтын медаль алғаныма өте қуаныштымын. Роналд Лимаға қарсы қолданған әдісімізді бапкерлер тобымен бірге алдын ала жоспарладық. Бұған дейін онымен кездесіп, мұндай белдесуде күресіп көрмеген едік. Жеңістің сәтті аяқталғанына қуаныштымын», – деді Нұрқанат Серікбай.

Загребтегі жарыстың жарқын жеңісі 66 келіге дейінгі салмақта белдескен Нұрқанат Серікбайдың еншісіне сәтті бейтараптандырды. Қосымша уақыт басталғанға дейін әр спортшы екі ескертуден алған еді. Жеңімпазды анықтау үшін белдесу тағы жеті минутқа созылды. Ақыры үшінші ескерту Аман Бақытжанға беріліп, жеңіс Ян Юн Вэйге бұйырды. Қытайлық Тайбэй өкілі жүлделер қоржынына тағы бір медаль қосты, ал қазақстандық дзюдошы турнирді күміс жүлдемен аяқтады.

Қазақстандық Эсмигүл Куюлова қола жүлде үшін Хорватия өкілі Ива Оберанмен кездесті. Оберан осото-гари әдісін қолданып,





қарсыласын татамиге алып ұрды. Нәтижесінде, хорватиялық жанкүйерлердің қуанышы еселеді.

АЛҒАШҚЫ ГРАН-ПРИ, ТАРИХИ АЛТЫН

Ерлер арасындағы 66 келіге дейінгі салмақта Нұрқанат Серікбай үшін финалға жету де, қарсыласы Роналд Лимамен белдесу де үлкен сынақ болды. Бразилиялық дзюдошы сол күні Загребте жоғары деңгейде күресіп, әдістерін дәл әрі қолайлы сәтте орындаған еді. Ол оң жақтан да, сол жақтан да шабуылдай алатын, жақыннан да, алыстан да белдесуге бейім спортшы ретінде танылды. Ендігі мәселе – Лиманың осы қарқынын финалда да сақтай алуы еді. Серікбай болса қарсыласын қысымға алып, бүкіл денені қатыстыратын шабуылдарымен тоқтатуға дайын болды.

Белдесудің басында Лима басымдық танытқандай көрінді. Алайда Серікбай сабыр сақтап, тиді. Финалда ол бразилиялық Роналд Лимамен кездесіп, шешуші сәтте сумі-гаэси әдісін сәтті орындады. Қарсыласын татамиге алып ұрғаны үшін төрешілер иппон беріп, жеңісті қазақстандық спортшыға тіркеді. Бұл алтын медаль Серікбай үшін Гран-при турниріндегі алғашқы жүлде болды. Ол халықаралық жарыстағы алғашқы финалын чемпиондықпен аяқтады. Халықаралық дзюдо федерациясының ресми сайтына берген сұхбатында Серікбай финалдағы әдіс бапкерлерімен алдын ала ойластырылған тактиканың бір бөлігі болғанын айтты. Қарсыласымен бұрын белдеспегеніне қарамастан, қазақстандық спортшы татамиде байсалдылық танытып, өзіне қолайлы сәтті күтті. Мұндай жеңісте әдістің шебер орындалуы ғана емес, белдесудің барысын дұрыс бағамдай білу де шешуші рөл атқарады.

Қазақстан қоржынына тағы екі күміс жүлдені Ғалия Тынбаева мен Аман Бақытжан салды. 48 келіге дейінгі салмақта сынға түскен Тынбаева мен 60 келіге дейінгі салмақта белдескен Бақытжан финалға дейін жетіп, турнирді екінші орынмен аяқтады. Осылайша, үш жүлде ұлттық құраманың Загребтегі ортақ табысына айналды.

АҚПАРАТ



КӨКПАРДАН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ ӨТТІ


Түркістан қаласында 8-15 қараша аралығында көкпардан жасөспірімдер арасындағы XIV Қазақстан чемпионаты өтті. Ұлттық ат спортының мәртебесін көтеріп, жас шабандоздардың шеберлігін шыңдауды мақсат еткен додаға еліміздің тоғыз өңірінен 12 команда, 143 спортшы қатысты.

Командалар төрт топқа бөлініп, алдымен іріктеу кезеңінде бақ сынады. Одан кейін плей-офф, жартылай финал және финалдық ойындар өтті. Шешуші бәсекеде Шымкент қаласы мен Жамбыл облысының командалары кездесті. Тартысты ойында шымкенттік көкпаршылар 5:2 есебімен басым түсіп, чемпион атанды.

Жеке номинацияларда да Шымкент командасының көкпаршылары үздік шықты. Жанболат Балқыбай чемпионат барысында 19 салым салып, үздік сұрмерген атанды. Оның мінген «Араб қасқа» тұлпары «Үздік шабуылшы ат» номинациясын жеңіп алды.

«БАРЫС» ТУРНИР КӨШБАСШЫСЫН ЖЕҢДІ

Астананың «Барыс» хоккей клубы Құрлықтық хоккей лигасының тұрақты чемпионаты аясында өз алаңында Магнитогорскінің «Металлург» командасын қабылдап, 5:4 есебімен жеңіске жетті.



Турнир кестесінің көшін бастап тұрған қарсыласпен өткен тартысты кездесуде елордалықтар маңызды үш ұпай еншіледі. Матч жанкүйерлерге мол әсер сыйлады: қос команда қақпаға тоғыз шайба соқты. «Барыс» сапында Джастин Бэйли ерекше көзге түсіп, хет-трик жасады. Чейз Прески мен Кирилл Савицкий де бір-бір шайбадан соғып, команда жеңісіне үлес қосты. Осы нәтижеден кейін «Барыстың» еншісіндегі ұпай саны 29-ға жетіп, клуб Шығыс конференциясында бесінші орынға көтерілді.

Михаил Кравецтің шәкірттері енді сырт алаңдағы ойындар сериясына аттанады. 18 қарашада Уфада жергілікті «Салават Юлаевпен» кездесе, одан кейін Омбының «Авангард» командасына қарсы ойнайды.

ПАНАРИН КҮМІС ЖҮЛДЕ ИЕЛЕНДІ

Қазақстандық спортшы Дмитрий Панарин бадминтоннан Лусакада (Замбия Республикасы) өткен халықаралық турнирде сәтті өнер көрсетті.



Отандасымыз аталған жарыста финалға дейін жетті. Ақтық сында Дмитрий Панарин үндістандық Манав Чоудхаримен кездесіп, қарсыласына 2:1 (21:19, 14:21, 20:22) есебімен жол берді. ҚР ҰОК мәліметінше, БАӘ өкілдері Бхарат Латиш мен Дев Вишну жеңіс тұғырының үшінші сатысына көтерілді.

AMANAT MEDIA GROUP
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы
Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ – Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ЖАЛПЫ ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4815
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
•«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ